

Международный информационный научно-методический журнал
Halyqaralyq aqparattyq ғылыми-әдістемелік жырнал



"USTAZ HAB" Halyqaralyq aqparattyq ғылыми-әдістемелік жырналының
№02(35) (2025 ж. Ақпан) шығарылымы.
Выпуск №02(35) (Февраль 2025 г.)

Международного информационного научно-методического журнала «USTAZ HAB».

"USTAZ HAB" Halyqaralyq aqparattyq ғылыми-әдістемелік жырналы Nur-Sultan qalasynda Qazaqstan Respýblikasynyń Aqparat jáne Qoғамdyq damý ministrliginiń Aqparat komiteti 2023 jylǵy 20 aqpandaǵy Merzimdi baspasóz basylymyn, aqparattyq agenttikti jáne jelilik basylymdy esepke qoiýy týraly kýáligi № KZ40VPY00064978 berilgen.

Taraly aýmaǵy: Halyqaralyq, alys jáne jaqyn shet elder.

"USTAZ HAB" жырналы айна 1 ret jaryq kóredi.

Международный информационный научно-методический журнал "USTAZ HAB" в городе Нур-Султан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 20 февраля 2023 года № KZ40VPY00064978.

Территория распространения: международные, страны дальнего и ближнего зарубежья.

Журнал "USTAZ HAB" выходит 1 раз в месяц.

Menshik iesi / собственник: "KEMENGER" ЖК
Алшынов Ахметжан Әнуарбекұлы

Redaktor alqalary / редакторы:

Баянды Ерлан

Тел: + 7 700 970 00 98

Есбергенов Айдын Ардақұлы

Тел: + 7 705 214 23 03

Korrektor / корректор: Бердиярова Асель Жуманкуловна

Jaýarty hatshy / ответственный секретарь: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Эл. почта: kemengerustaz.kz@mail.ru

Инстаграм: kemengerustaz.kz

+ 7 771 181 23 03



"KEMENGER" баспасы

Qaraǵandy qalasyndaǵy meken-jay: Qazybek bi aýdany, Nursultan Nazarbaev dańǵyly 19. Jýmal "KEMENGER" ЖК баспahanasynda basyldy.

Taralyму 1000 dana.

Адрес г. Караганды: Казыбек биский район, пр. Нурсултана Назарбаева 19. Журнал издан в типографии ИП "KEMENGER". Тираж 1000 экз.


Mazmuny / Содержание

Дуйсембекова Г.М. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу. Теңдеулер көмегімен мәтінді есептер шығару.....	3
Мамутова Г.Н. Р. Брэдбери. «Зелёное утро»	6
Утенова З.Е. Space and earth.....	9
Шораева Қ.Ү. Оқушылардың логикалық ойлау дағдысын дамытудың негізгі шарттары	11
Алшинова Ж.К. Lesson study-ді математика сабақтарында қолдану	13
Қошқарбек И.С. Мүсін өнері. Гипспен жұмыс жасау жолдары	15
Жиренбаева А.Т. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын әдебиеттік оқу сабағы арқылы молайту	17
Пошанова М.М. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру: қоғамның қажеттілігі ...	19
Шаутикова М.О. Шетел тілі сабағында көрнекіліктерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру маңызы.....	21
Асқарова Г.Ж. Сақ патшайымы Томирис	23
Толықбаева Л.А. Көлеңке театрын қалай жасайды?	26
Мамырова Г.Р. Музыка және мүсін	27
Байзакова А.О. Animals	30
Турсынова Ж.С. Химиялық элементтердің жіктелуі.....	32
Аманбаева Г.О. Қазақ әдебиеті сабағында "Лессон стади" әдісін қолдану ерекшеліктері.....	34
Найзабаева А.А. Ахмет Байтұрсынұлы идеялары және заманауи педагогика.....	35
Қарасаева Ә.Ж. "Қазақ тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының оқу ынтымақтастығын дамыту тәсілдері"	37
Ереманова Г.Ж. География сабағында белсенді оқыту әдістерін қолдану.....	40
Насирова Т.Т. Игровые технологии на уроках русского языка и литературы	42
Таңатова А.Т. «АІ мұғалімнің жаңа көмекшісі ме, әлде бәсекелесі ме?».....	45
Ихсанова Г.У. Повышение способностей учащихся в начальной школе за счет использования новых методов	47
Жумагалиева Н.Т. «Тарихи концептіге негізделген жасанды интеллект арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту жолдары»	49
Темирова С.Т. Элементы инклюзивного обучения на уроках русского языка	50
Аитхожаева А.Е. Жаңартылған білім беру мазмұны тұрғысынан информатика сабақтарында кейс технология-ларын қолдану тәжірибесі.....	53
Сабитова Г.Е. Ағылшын тілін үйретуде оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер мен жаттығулар.....	55
Сарсенгалиева М.К. Ағылшын тілін білу - үлкен мүмкіндіктердің кілті	57
Мухитдинова Р.У. Тремоломен жұмыс жасау	60
Умирбаева Ж.А. Төкпе күй және оның ерекшеліктері	62
Секлибаева Г.Н. Басшының басқару қызметіндегі көшбасшылық қасиеттері	65
Абдукаримова Д.Т. «Солнце русской поэзии»	68
Тлеубаева Ш.А. Балабақшада қазақ тілін үйретудің маңызы	71
Бакирова С.М. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы тиімді әдістер	73



Мұғалімнің аты-жөні:	Дуйсембекова Гулжан
Пән/Сынып:	6 «Ә», «Б» сынып
Күні:	
Тарау немесе бөлім атауы:	6.3А Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу
Сабақтың тақырыбы:	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу. Теңдеулер көмегімен мәтінді есептер шығару.
Оқу мақсаты:	6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу; 6.5.1.6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару;
Бағалау критеріі:	-бір айнымалысы бар сызықтың теңдеу мен мәндес теңдеудің анықтамасы. - бір айнымалысы бар сызықтың теңдеуді шешу. -мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығарады

Сабақ барысы				
Уақыты Кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	Сәлеметсіздерме! Оқушыларды түгендеу, сабаққа зейінін аудару. Жағымды ахуал қалыптастыру. «Алтын балық» әдісі Бүгін, Бір айнималысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнималысы бар сызықтық теңдеулерді шешу тақырыбын қарастырамыз Бүгінгі сабақта меңгеретініңіз: - бір айнималысы бар сызықтың теңдеу мен мәндес теңдеудің анықтамасы. - бір айнималысы бар сызықтың теңдеуді шешу. Үй тапсырмасын тексеру. №839. «Ротация» тәсілі Үй тапсырмасын тексеремін:№839-есеп слайдта әр есептің дұрыс жауабымен	Оқушылар амандасады. Тілек өздеріне айтады Оқушы шығарған үй жұмысының жауабын оқып, екі жұп бір-бірін тексереді, бағалайды Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді: 1.$ax = b$ түріндегі теңдеу бір айнималысы бар сызықтық теңдеу деп аталады, мұндағы x – айнималы, a және b – қандай да бір сандар 2.Теңдеудің түбірі айнималының теңдеуді тура теңдікке айналдыратын мәні	Үй тапсырмасын дұрыс орындағанына - 1балл Өтілген тақырыпты Пысықтау кезеңінде белсенділік танытқан	Оқулық Презентация


	тексереді: 1) $x=9$; 2) $x=-1$; 3) $x=7$; 4) $x=3$; 5) $x=5$; 6) $x=8$; «Мен саған, сен маған» әдісі арқылы өтілген тақырыпты бүгінгі сабақпен байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтары беріледі. 1. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу деп нені айтамыз? 2. Теңдеудің түбірі дегеніміз не? 3. Мәндес теңдеу дегеніміз не? 4. Теңдеуді мәндес теңдеуге қалай түрлендіруге болады?	3. Түбірлері бірдей теңдеулерді мәндес теңдеу деп атайды. 4. Теңдеудің екі жағына дабірдей санды қосқанда немесе екі жағынан да бірдей санды азайтқанда, теңдеу мәндес теңдеуге түрленеді. Және теңдеудің екі жағында нөлден өзге бірдей санға көбейткенде немесе бөлгенде де теңдеу мәндес теңдеуге түрленеді.	оқушыларды «Мадақтау сөз» «Жарайсың! Жаксы! Өте Жаксы! Керемет!»	
Миға шабуыл 3 минут	Айжан мен Сая банан мен алманың бағаларын салыстырғысы келді. Бір бананның бағасы 120 теңге, ал бір алманың бағасы 150 теңге. Айжан 5 банан және 3 алма сатып алды. Ал Сая 4 банан мен 4 алма сатып алды.	Шешімі: 1. Айжанның шығыны: $5\text{банан} \cdot 120\text{теңге} = 600\text{ теңге}$ $3\text{алма} \cdot 150\text{ теңге} = 450\text{ теңге}$ Айжанның жалпы шығыны: $600 + 450 = 1050\text{теңге}$ 2. Саяның шығыны: $4\text{банан} \cdot 120\text{теңге} = 480\text{ теңге}$ $4\text{алма} \cdot 150\text{ теңге} = 600\text{ теңге}$ Саяның жалпы шығыны: $480 + 600 = 1080\text{теңге}$ 3. Қайсысы көбірек ақша жұмсады: Жауабы: Сая 1080 теңге жұмсады, ал Айжан 1050 теңге жұмсады, демек Сая көбірек ақша жұмсады	Бұл тапсырма күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға негізделген және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға көмектеседі	ChatGPT платформа слайд
Сабақтың ортасы 25 минут	«Алтын балық» әдісі топтық жұмыс Мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару 	Оқушылар тапсырманы топтасып орындайды	Дескриптор: Жалпы: 4 балл 1. Есептің шартын құрастырады 2. өлшем бірліктерін келтіреді 3. белгісіз мүшелерді теңдеудің сол жағына, бос мүшелерді теңдеудің оң жағына жинақтайды 4. ұқсас мүшелерді біріктіреді - 5. теңдеулердің түбірін табады	Оқулық Презентация
	«Тенге» әдісі жұптық жұмыс «100 тенге болғанша, 100 досың болсын» қазақтың мақалын пәнаралық байланыста айтып өтемін.	Оқушылар тақырыпқа қатысты есептерді шығарады.	Дескриптор: 1. Жакшаны ашады 2. белгісіз мүшелерді теңдеудің сол	ChatGPT платформа, Плакат, маркер

	«100» тенгеде жұптық тапсырма таратылады (21 оқушы, 10,5 жұп) Соңынан әр жұп қай жұппен мәндес екендерін айтады $4(x-3) = 2x + 14$ $5(x+4) - 3 = 2x + 7$ $3(2x-4) = 2(3x+5)$ $5(7-2x) + 13 = 9x + 48$ $7(x+2) = 5(x-3) + 24$ $6(x-3) + 2 = 3(2x+4)$ $\frac{2x-3}{5} = 4$ $4x + 5 = 3x + 12$ $2(x+5) = 3(x-4) + 7$ $5(x-2) + 4 = 2(3x+1)$		жағына, бос мүшелерді теңдеудің оң жағына жинақтайды 3.ұқсас мүшелерді біріктіреді - 4.теңдеулердің түбірін табады 5. мәндес теңдеулерді анықтайды.	Слайд Интернет ресурстары Жалпы білім беретін мектептің 6–сыныбына арналған оқулық. Оқулық авторлары: Т.А.Алдамұратова, Қ.С.Байшоланова, Е.С.Байшоланов Алматы «Атамұра» баспасы 2018 жыл
Сабақты бекіту 8 мин	«Қоянжан» әдісі. Жеке жұмыс. Теңдеуді шешіндер: Жеке оқушыларға тапсырма «сәбіз» таратылады ChatGPT платформа	Тапсырманы орындайды	Жалпы: 5 балл Дескриптор - Жақшаны ашады - белгісіз мүшелерді теңдеудің сол жағына, бос мүшелерді теңдеудің оң жағына жинақтайды - ұқсас мүшелерді біріктіреді - теңдеулердің түбірін табады - мәндес теңдеулерді анықтайды. Алғашқы болып дұрыс орындаған 10 оқушыға бонус беріледі:	Слайд Инт тақта
Рефлексия: 5 минут	Бүгінгі сабақта: -бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің анықтамасын біледі - бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешеді. - мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу Оқушылар сабақ соңында өз ойтолғаныстарын білдіру арқылы «Аквариум» бойынша рефлексия жасайды. Мен бүгінгі сабақта нені білдім? Мен бүгінгі сабақта нені білгім келеді? Маған бүгінгі сабақта не қиын болды? Үйге тапсырма: №841;845 есеп	Тақырыпты меңгергенін анықтау. Алтын балықтарға ойтолғаныстарын жазып аквариумға салады		Оқулық Слайд

Түркістан облысы, Шардара ауданы
 “Жаушықұм” мектеп-лицейі
 Орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімі, педагог-зерттеуші
 Мамутова Гульшат Насирхановна



Р. БРЭДБЕРИ. «ЗЕЛЁНОЕ УТРО»

Раздел		Раздел IV. Через тернии к звёздам		
ФИО педагога		Мамутова Г.Н.		
Дата:				
Класс 8 «А»		Количество присутствующих:		Количество отсутствующих:
Тема урока УРОК 40		Тема урока : Урок 2 Р. Брэдли. «Зелёное утро».		
Цели обучения в соответствии с учебной программой		Цель урока: познакомитесь с биографией Р. Брэдли и его фантастическим произведением «Зелёное утро»; ● будете доказывать, почему оно относится к литературному жанру фантастики; выявлять основные идеи рассказа Р. Брэдли и связывать их с современностью.		
Привитие ценностей		Любовь к природе, чувство патриотизма, ответственности за окружающую среду воспитывается в процессе анализа и ознакомления с содержанием произведения через работу с концептом «Изменение»		
Ход урока				
Этап урока/ время	Действия педагога	Действия учеников	Оценивание	Ресурсы
1, Организационный момент.	1. Организационный момент. Сообщение темы урока. . КУИЗ-КУИЗ-ТРЭЙД (Quiz-Quiz-Trade) Ребята на прошлом уроке мы прочитали рассказ « Зелёное утро», вы уже имеете представление о чем этот рассказ,здесь в каждой бабочке имеется тонкие и толстые вопросы к рассказу .Ответьте на эти вопросы	Поприветствуйте друг друга: партнеры по плечу дайте пять друг другу; партнеры по лицу - ударьтесь кулачками и улыбнитесь друг другу; а теперь все вместе поприветствуйте друг друга, соприкасаясь правой рукой	Звёзды твои, если твоя голова,руки и сердце созданы длязвёзд. Р э й Б р э д б е р и	Слайды Наглядные пособия
2.Актуализация знаний.	Структура ТИК-ТЭК-ТОУ (Tic-Tac-Toe) 1. Ребята это повторение пройденного.давайте повторим второстепенные члены предложения на доске начало правила,вы должны правильно закончить ,затем привести примеры	Рэй Бредбери – американский писатель-фантаст, создавший более 800 литературных произведений. Наиболее известное работы писателя – утопия «451 градус по Фаренгейту» и автобиографический роман «Вино из одуванчиков». Помимо романов и повестей перу Брэдли принадлежат сотни рассказов, пьес, статей, заметок и	ФО самооценивание	https://www.allsoch.ru/shahano v/ 
3,Работа с учебником. Устное задание	Прокомментируйте смысл эпиграфа. Обратите внимание на название произведения Р. Брэдли. Как вы думаете, о чём этот рассказ?			

4 Физминутка:		стихов. Его работы легли в основу многих экранизаций и постановок. Вскоре на первых страницах журналов появилась повесть-утопия «451 градус по Фаренгейту» (1953) и Рэй Бредбери стал всемирно известным писателем. Его стали называть лучшим фантастом и основоположником некоторых традиций этого жанра		Слайды
	Прокомментируйте смысл эпиграфа. Обратите внимание на название произведения Р. Бредбери. Как вы думаете, о чём этот рассказ?	Прочитайте фантастический рассказ Рэя Бредбери (в сокращении). Как вы думаете, почему произведение называется «Зелёное утро»?	ФО похвала	Наглядные пособия
	Формативная работа. Метод: «Куиз-к Куиз-Трэйд» - партнеру по лицу скажите несколько добрых слов, пожеланий, комплиментов. - а теперь партнеру по плечу подарите комплименты, добрые слова Для физкультминутки можно использовать структуру ТИМ ЧИР – «кричалка, девиз». ТИМ ЧИР – это короткое, веселое упражнение для поднятия духа аудитории, поощрения или выражения благодарности. 1. Страхнули с себя лень и усталость. 2. Потянулись к звездным далям. 3. Спрятались (присели) от бед и опасностей. 4. Улыбнулись друзьям и весеннему солнышку. 5. Без шума, тихо приземлились за своими рабочими столами микс пэа шэа — произвольное передвижение под музыку с образованием случайных пар и обсуждение темы в коротких (релли робин) или в полных ответах. Учитель дает задание по учебнику (решить задачу). Ученики молча смешиваются под музыку, двигаясь по классу. Как только	Обсуждаем произведение. Ответьте на вопросы. - отвечают на вопросы; - формулируют тему, - формулируют идею;	ФО Самооценивание <i>Техника оценивания</i> «Сигналы рукой. Большой палец».	
Закрепление урока:				

	музыка останавливается они образуют пару с ближайшим к ним учеником и «дают пять» (взяться в воздухе за руки). Ученики, которые не нашли партнера, поднимают руку, чтобы найти друг друга. 1.Задание найдите в учебнике отрывок про дождя, 2.найдите в тексте рассказа диалоги 3 почему это произведение относится к литературному жанру фантастики? 4 Задание найдите в учебнике отрывок про воздух 5 Что происходит с героем в конце рассказа, после того как он жадно глатнул кислород? 6 Сколько времени без отдыха трудился герой рассказа?	дает характеристику персонажам, деталям произведения, подбирая цитаты из текста; - дает оценку поведению, поступкам героя/ев; -демонстрирует понимание действий персонажей и их мотивацию		
Конец урока	Задание для обратной связи. Структура КОНЭРС («Corners») Ребята, давайте <i>подведем итог урока</i>, мне важно понять, все ли вы пришли к правильному выводу, можете ли вы, опираясь на изученный материал, доказать свою точку зрения Вы видите названия 3 углов, подойдите к своему углу, найдите партнера, обсудите в парах, почему вы выбрали данный угол. Аргументируйте свой выбор. Домашнее задание: Напечатано на листочке каждому. Напишите сочинение-рассуждение на одну из предложенных тем (объем 100-150 слов). Выразите своё отношение к прочитанному, воспользуйтесь изобразительными средствами языка.	Запишите вокруг ключевого слова <i>Марс</i> все возможные ассоциации, обозначая стрелками смысловые связи между словами.	ФО	Рабочая тетрадь.
			Самооценивание	



Түркістан облысы, Шардара ауданы
 “Жаушықұм” мектеп-лицейі
 Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
 Утенова Зауре Ержановна



SPACE AND EARTH

Unit of a long term plan: Space and Earth		School-lyceum “Zhaushykum”	
Teacher name		Utenova Z	
Date:			
Grade: 7 th grade		Number present:	absent:
Lesson title	Space and Earth		
Learning objectives	7.1.8.1 develop intercultural awareness through reading and discussion 7.2.5.1 understand most specific information and detail of supported, extended talk on a range general and curricular topics 7.3.5.1 keep interaction going in longer exchanges on a range of general and curricular topics		
Lesson objectives	Learners will be able to: • Learn vocabulary for talking about Space and Earth. • Read a text about the Baikonur Cosmodrome. • Learn and practise using the passive voice. Understand the passive voice and its usage. * Identify the subject, verb, and object in sentences. * Convert sentences from active to passive voice.		
Value links	Kindness – If you value kindness, you’ll likely always be respectful of people around you, be gentle with criticism, and always willing to welcome people with open arms.		
Plan			

Stages / Time	Teachers actions	Students actions	Assessment criteria	Resources
Beginning of the lesson Warming-up 3 min	Organization moment : 1. Greeting. Ask about the weather. Divide Ss into two groups <u>Warm-up</u> <i>Students</i> put the puzzle together and found the theme of the lesson. • Ask students if they have ever been to Baikonur. Ask what they know about the cosmodrome and whether they would like to visit it. • Tell students they are going to read a text about Baikonur. <u>Lead - In</u> 	<i>Start the lesson with good wishes to each other.</i> The aim: To develop Ss speaking skills and create fondly atmosphere Efficiency: By wishing each other they feel better and feel the support of others <i>Students put the puzzle from the picture</i>	At the organization moment T tries to award active Ss. <i>Formative Assessment</i>  <i>Good job!</i>	<i>Pictures</i> <i>Pictures</i>

. Let's put the puzzle together!

Middle of the lesson
Presentation part.
37 min

Work with new words

Ex:1 P:58

- Focus students' attention on the words in the box.
- In pairs, students check the meaning of the words and complete the sentences with six of the words



Differentiation:

«Verbal support» method is used to help Students use new words in the text.

Ex: 2 P: 58

- Focus students' attention on the numbers in the box. Ask: Which numbers might refer to years? (1950s, 2011, 2003, 2015) What might the other numbers refer to? (dates, measurements, amount of something, etc.)
- Play the recording, students check their answers.

Ex: 3 P: 58

- Explain the task and emphasise that students need to use the correct tense (present simple or past simple passive).
- In a weaker class, do this together as a class activity

Passive voice

Wordwall tasks

Ақпараттың тілінде 2 етіс бар. Олар: негізгі және ырымсыз етіс. Соңында -с етісін білдіретіннен орындайды, онда о-з негізгі етіс. Соңында -с етісін атырауымен, қимыл несі арнайы айтылмай, қимыл өзінше істелгені көрініп тұрса, ондай етіс ырымсыз етіс деп аталады.

The Active Voice

Tense	Subject	Verb	Object
Present Simple	Active: Aruzhan	writes	a letter.
	Passive: A letter	is written	by Aruzhan.
Past Simple	Active: Aruzhan	wrote	a letter.
	Passive: A letter	was written	by Aruzhan.

Students check the meaning of these words in a dictionary.

ANSWERS

- 1 star, galaxy
- 2 planets
- 3 satellite
- 4 Cosmodrome
- 5 astronaut

Students scanning the QR code and do the tasks

Students complete the text with the numbers in the box.

ANSWERS

- 1) 1950s
- 2) 200
- 3) 1
- 4) 13th
- 5) 2001
- 6) 2015
- 7) 500th
- 8) 2003
- 9) 6
- 10) 2nd

Students complete the text about food in space with the correct form of the verbs in brackets.

ANSWERS

- 1 was served
- 2 were designed
- 3 were invented
- 4 is dried
- 5 were used
- 6 are placed
- 7 is eaten
- 8 is kept
- 9 are opened
- 10 is drunk




Assessment criteria

- Learn vocabulary for talking about Space and Earth.

Descriptor:

- check the meaning of these words in a dictionary



Assessment criteria:

- Learn and practise using the passive voice.



Descriptor:

- complete the text about food in space with the correct form of the verbs in brackets.



Card
Worksheet

Students book

End of the lesson
5 min

Home task:
Ex: 1 P: 46 WB

Evaluating table

	Task 1	Task 2	Task 3	Task 4	Task 5	Task 6	Task 7	Task 8	Task 9	Task 10
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
8										
9										
10										



Mintimetre platform



**Түркістан облысы, Шардара ауданы
“Жаушықұм” мектеп-лицейі
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Шораяева Құндызай Үсенқызы**



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

Қазіргі уақытта бастауыш сыныптарда баланы тек оқуға, санауға және жазуға үйретіп қана қоймай, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану дағдыларын қалыптастыру керек. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі-балаларға тұжырымдар жасауға, дәлелдер келтіруге, бір-бірімен логикалық байланысты тұжырымдар жасауға, өз пікірлерін негіздей отырып қорытынды жасауға және сайып келгенде өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін тәуелсіз ойлау логикасын дамыту.

Логикалық ойлауды дамыту күрделі процесс. Ол баланың практикалық іс-әрекетімен, оның қорытынды жасап, өз іс-әрекетінің және айналасындағылардың салдарын көре білуімен байланысты. Бұл даму деңгейін мақсатты оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Баланың психикалық және тұлғалық дамуындағы тәрбиенің жетекші рөлін ескере отырып, мұндай көзқарас шын мәнінде қажет.

Ойлауды дамыту процесі ақыл-ой әрекеттерінің жалпыланған әдістерін (салыстыру, жалпылау, талдау, синтез, жіктеу, аналогия) қалыптастыру мен дамытудан тұрады, бұл ойлаудың өзі танымның кез-келген саласында, соның ішінде математикада процесс ретінде жұмыс істеуінің жалпы шарты болып табылады. Ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру математикалық ойлауды дамытудың абсолютті қажеттілігі болып табылады және бұл ақыл-ой әрекеттері логикалық ақыл-ой әрекеттерінің әдістері деп те аталады. Олардың қалыптасуы баланың математикалық қабілеттерінің дамуын ынталандырады.

Жалпы логикалық дағдыларды қалыптастыру процесінің негізгі шарттары, ең алдымен, оның барлық сатыларында мектеп пәндерін оқыту процесіне назар аудару, сабақтастық және байланыстыру болып табылады.

Логикалық ойлауды дамытудың әртүрлі тәсілдерінің болуына қарамастан, зерттеушілердің көпшілігі оқу процесінде логикалық ойлауды дамыту мынаны білдіреді:

- оқушылардың бақыланатын заттарды салыстыру, оларда ортақ қасиеттер мен айырмашылықтарды табу қабілетін дамыту;
- заттардың маңызды қасиеттерін ажырата білу және оларды екінші, маңызды емес нәрселерден алшақтату (абстракциялау) қабілетін дамыту;
- балаларды әр құрамдас бөлікті білу мақсатында затты құрамдас бөліктерге бөлуге (талдауға) және бөлшектердің өзара әрекеттесуін және объектіні біртұтас тұтастық ретінде біле отырып, бөлшектелген ақыл-ой объектілерін бір бүтінге біріктіруге (синтездеуге) үйрету;
- фактілерді жалпылау қабілетін ояту;
- оқушыларда өз пайымдауларының ақиқатын сенімді түрде дәлелдеу және жалған тұжырымдарды жоққа шығару қабілетін дамыту;
- оқушылардың ойларының дәл, дәйекті, негізді түрде баяндалуын қамтамасыз ету.

Оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыруға негізінен инновациялық технологиялар ықпал етеді. Логикалық ойлауды қалыптастыру процесінде инновациялық технологияларды қолданудың бірнеше ерекшеліктері бар:

- логикалық ойлауды оқыту процесінің ғылыми негізделген заңдылықтарына сүйену;
- оқу ақпаратының оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру міндеттеріне сәйкестігі;

- технологиялар мен олардың компоненттерінің рефлексия мен шығармашылыққа мотивация жасауға бағдарлануы;
- білім беру процесінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас жағдайларын құру;
- оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын анықтау мақсатында мәтінмен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар;
- мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі визуалды формалары мен стратегияларын таныстыру.

Оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру процесінде инновациялық технологиялардың белсенді қолданылатын түрлеріне жобалау бойынша сабақтар мен пікірталастар жатады.

Нақты оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған инновациялық технологиялар ашық стратегиялар жүйесі болып табылады. Олардың көмегімен оқушыларда тәуелсіз логикалық ойлау қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларында логикалық ойлау, ең алдымен оқу және жазу кезінде көрінеді. Оқу сабақтарында оқушыларға сюжеттік мәтіндер, әңгімелер мен ертегілер ұсынылады, олардың негізінде логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында жазбаша тапсырмалар жасалады. Бұл тапсырмалар, біріншіден, оқушылар үшін қызықты болуы керек, екіншіден, логикалық ойлауды қалыптастыруға бағытталған болуы шарт. Сонымен қатар, осы типтегі тапсырмалар оқушылардың көркем шығарманы талдауға деген қызығушылығын оятуға арналған.

Бастауыш сынып оқушыларында логикалық ойлауды қалыптастыру үшін тақырыптық байланысты мәтіндерді таңдау да маңызды. Оларды талдау барысында оқушылар жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді бөліп көрсетеді, оларды сипаттайды. Әр кейіпкерді сипаттау үшін оқушылар дауыспен оларға деген көзқарастарын білдіретін ерекше интонацияны таңдайды. Мұндай оқу жағдайларында оқушылар логикалық ойлау элементтерін қалыптастыра бастайды. Мәтінді оқу және талдау барысында мұғалім оқушыларды логикалық ойлауға итермелейтін сұрақтар қоюы керек. Көркем мәтінді оқуды бастамас бұрын оқушылардың мазмұны туралы, кейіпкерлердің қайсысы белсенді және позитивті, кім пассивті және неге адамдарға ұнамайтындығы туралы ойлауға деген ұмтылысын ынталандырған жөн. Оқушылар кейіпкерге объективті баға беру үшін мәтінге және олардың өмірлік тәжірибесіне бірнеше рет жүгінуі керек. Логикалық ойлау оқушыларға кейіпкерлер мен қоршаған шындықтың байланысы мен қарым-қатынасын түсінуге көмектеседі.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың тағы да бір стандартты емес әдістердің бірі - логикалық есептерді шешу болып табылады. Олар балалардың ақыл-ойын жаттықтырады, көкжиегін кеңейтеді. Стандартты емес логикалық есептер ұғымдарды, оларға амалдарды, әртүрлі математикалық конструкцияларды қолданумен байланысты ойлау процесін жүзеге асыруға арналған тапсырмаларды білдіреді. Оқушыларға осындай тапсырмаларды ұсына отырып, олардың математикалық амалдарды орындау қабілетін қалыптастырамыз және сонымен бірге оларды дамытамыз.

Стандартты емес тапсырмаларды қолдану жалпылау, талдау, синтез, салыстыру, жіктеу, абстракция сияқты ойлау операцияларының дамуына ықпал етеді. Ақыл-ой белсенділігінің деңгейінің жоғарылауы оқушылардың тек математика сабақтарында ғана емес, барлық басқа пәндер бойынша білім сапасының жақсаруына әкелді. Осы жұмыс жүйесін қолданғаннан кейін оқушылардың математикадан оқу материалын оқуға деген қызығушылығы артты.

Негізгі математикалық ұғымдардағы балалардың білімін, дағдыларын дамытудың ең тиімді әдісі - ойын. Ойынды негізгі математикалық ұғымдарды дамытудың реттелетін процесі ретінде емес, бала саналы түрде қабылдайтын, салыстыратын, нәтижеге жету жолдары мен әдістерін таңдайтын, өз жолындағы қиындықтарды жеңуде тәуелсіздік танытатын еркін әрекет ретінде қарастырған жөн. Математикалық мазмұны бар әрбір дидактикалық ойынның өз міндеттері бар: есептеулерді орындау қабілетін дамыту, қарапайым геометриялық фигуралармен, сандардың табиғи тәртібімен, сандардың құрамымен және т. б. танысу.

Осылайша, логикалық ойлауды дамытуда оқушы мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру кезінде бала өзінің жеке тәжірибесін кеңейтеді, қабілеттерді дамытады: жағдайды логикалық талдау, мәселені бөліп көрсету, жеке тұлғаның негізінде оны шешудің әртүрлі жолдарын іздеу.

Түркістан облысы, Шардара ауданы
“Жаушықұм” мектеп-лицейі
Математика пәні мұғалімі
Алшинова Жанар Кайырбековна



LESSON STUDY-ДІ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Мәнді, ерекше құрастырылған сабақ оқушылардың жадында қалары сөзсіз. Оқушылардың назарын аудару үшін ең алдымен қызықтыру, таң қалдыру керек. Осы мақсатқа жету үшін мұғалімнің көмегіне дәстүрлі емес және стандартты емес сабақтар келеді.

Білім беру ұйымының инновациялық қызметі қазіргі мектептің даму жолдарының бірі болып табылады: жетілдіру, өзгерту, жаңашылдық, инновация. Оқушылардың білім сапасын арттыру бағытында нәтижелі жұмыс істеу үшін өзгерістер қажет, инновациялық білімді әріптестеріне жеткізу қажет, сонда мұғалімдердің де оқу-тәрбие үрдісіндегі барлық жұмыс жүйесін жақсартуға, өзгертуге деген ұмтылысы мен қажеттілігі туындайды. Осы таңда мектептің педагогикалық ұжымының басты мақсаты - мектептің білім беруді дамыту, интерактивті, инклюзивті, цифрлық ортасын дамыту, мектептің оқу-тәрбие жұмысына инновациялық білім беру технологияларын енгізу және білім беру ұйымын басқару.

Соңғы онжылдықтарда Lesson Study технологиясы Қазақстанның білім беру жүйесіне белсенді енгізілуде. Оның сипаттамалық белгілерінің бірі-кәсіби құзыреттілікті арттыруға, әріптестерімен ынтымақтастықта неғұрлым нақты, жүйелі және жүзеге асырылатын процеске ұмтылуға мүмкіндік беретін білім беру процесіне қатысушылардың рефлексиясының әртүрлі түрлері.

Lesson Study-сабақтарды әзірлеу және зерттеу арқылы оқытудың сапасын жақсарту үшін қолданылатын әдіс. Сонымен қатар Lesson Study - педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған педагогикалық технология, ол өзі сабақтағы қызметті зерттеудің ерекше объектісі болып табылады. Бұл мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлайтын, оқытатын, бақылайтын және талдайтын кем дегенде үш деңгейді қамтитын цикл. Lesson Study көмегімен оқушылар білім сапасына әсер ете отырып, өздерінің зерттеулері мен тренингтерін демократиялық жолмен жүргізе алады. Lesson Study технологиясы оқушылар мен мұғалімдердің қателіктерін көруге, олардан қалай құтылуға болатынын түсінуге, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Негізінде, Lesson Study-мұғалімдерді оқытудағы және олардың оқыту мен оқу тәжірибесін дамытудағы бірлескен технология.

Математика сабақтарында Lesson Study әдісін қолдану мұғалімдерге оқытудың жаңа әдістерін зерттеуге, олардың тиімділігін тексеруге және дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Төменде мұғалімдер математика сабақтарында Lesson Study әдісін қолдана алатын қадамдар берілген:

- Сабақты жоспарлау. Мұғалімдер зерттегісі келетін тақырыпты тандап, сабақтың егжей-тегжейлі жоспарын жасайды. Олар жаңа идеялар мен оқыту әдістерін табу үшін ғылыми мақалаларға немесе математика кітаптарына жүгіне алады.
- Сабақ өткізу. Мұғалімдер сабақты әзірленген жоспарға сәйкес өткізеді. Сабақ барысында олар оқушылардың мінез-құлқын бақылайды, бақылаулары мен ескертулерін жазады.
- Сабақты талдау. Сабақты өткізгеннен кейін мұғалімдер оны талқылау және талдау үшін жиналады. Олар өздерінің бақылауларын талқылайды, әсерлері мен тәжірибелерімен бөліседі және сабақтың күшті және әлсіз жақтарын анықтайды.
- Сабақты әзірлеу. Талдау негізінде мұғалімдер оның тиімділігін арттыру үшін сабаққа өзгерістер енгізе алады. Олар сабақ құрылымын өзгерте алады, жаңа тапсырмалар қосады немесе оқыту әдістерін өзгерте алады.

• Сабақты қайта өткізу. Мұғалімдер сабақты өзгертулермен қайта өткізіп, оның нәтижелерін қайта талдай алады. Олар қажетті нәтижелерге қол жеткізгенше сабақтарды жалғастыра алады.

Математика сабағында алдымен әдеби дереккөздерді зерттегеннен кейін мен дәйекті сабақтар сериясын жоспарлаған жөн. Басқа мұғалімдермен бірге оқушылармен кері байланыс әдістері мен формаларын әзірлеп, оқушылардың белгілі бір топтарының типтік өкілдері болып табылатын үш «Зерттеу» тобы таңдалады: «Күшті» – А, «Орташа» – В, «Әлсіз» – С. Бұл өздерін жоғары деңгейге көтеруге деген ұмтылысы мен мүмкіндіктері бар, қабілеттері орташа және барлық пәндер бойынша аз ынталы оқушылар. Одан әрі оқушылардың осы үш санатын оқытуға және дамытуға көңіл бөлінеді.

Алдымен мектеп психологы мұғалімдер тобы құрастырған оқушыларға сауалнама жүргізеді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей:

- А деңгейіндегі оқушы сауалнамаға жауап беру кезінде оқуға деген ынтасы жоғары тапсырманы орындауда өзіне сенімді көшбасшы ретінде танылды;

- В деңгейіндегі оқушының оқуға деген қызығушылығы нақты белгіленген тапсырманы орындауда біршама күрделене түседі, көшбасшылық қасиеттерін арттыруды талап етеді;

- Оқушының оқуға деген қызығушылығы төмен, ол тапсырманы орындау кезінде басқалардан көмек сұрайды.

Lesson Study-ді оқу процесіне енгізе отырып, мен келесі нәтижелерге қол жеткіземін деп күттім:

- оқушылардың жеке басын дамыту үшін қолайлы оқу-танымдық орта құру;

- Lesson Study тәсілімен командада тұрақты жұмыс істейтін шығармашылық топ құру;

- зерттеу қызметіне тарту арқылы мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру.

Таңдалған оқушылардың белсенділігі мен үлгерімін зерттеу мақсатында жеті модульдің кіріктірілген элементтері бар бірнеше математика сабақтары өткізілді. Lesson Study технологиясының нысандары мен әдістерін тәжірибеге енгізу кезінде оқушылардың сыни ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейі келесі әрекеттерде атап өтілді:

-оқушылардың көзқарастары әртүрлі болды, олар өз пікірлерін толық қорғауды, сыныптастарының пікірлеріне сыни көзқараспен қарауды үйренді;

- оқушылар бір-бірін құрметтеуге, ұсыныстар жасауға, тыңдауға үйренді.

Эксперимент барысында оқушылардың оқу процесінде белсенділігі мен пәнге қызығушылығы артқаны дәлелденді (математика), сыни ойлау деңгейінде тапсырмаларды орындайды, суретке түсіреді, сұрақтар қояды.

Педагогикалық эксперимент кезеңінде зерттеудің мақсаты Lesson Study мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың инновациялық технологиясы ретінде сабақты зерттеудің әртүрлі мәселелерін анықтау болды. Сабақты оқыту мәселесін мұғалімдердің кәсіби шеберлігін, яғни сыни ойлауды дамытуға арналған инновациялық Lesson Study технологиясы ретінде анықтай отырып, жалпы математика мұғалімдерінің белсенді ынтымақтастығы мұндай сабақтарды өткізуде өте тиімді болатынын атап өткім келеді.

Сабақты бақылаушы мұғалімдер өздеріне бекітілген оқушылар туралы мәліметтер жинап, әр практикалық сабақтан кейін сабақты талқылады. Олар оқушылардың реакциясын ескере отырып, келесі сабақтың барысына өзгерістер енгізді. Бақылаушылар мұғалімнің олардан не талап ететінін түсінбеген кезде, сабақтың әр кезеңінде нақты мақсаттар мен міндеттер қойылмаған кезде, топтағы рөлдерді бөлу қажет болғанда, жұмыс үшін әр тапсырманың орындалу уақыты келісілетіндей уақыт туралы ескерткен кезде оқушылардың қандай қиындықтарға тап болатынын көрді.

Менің ойымша, оқушылардың бақылау және салыстыру, түсіндіру және талдау, жағдайды бағалау және шешім қабылдау арқылы меңгеруге болатын пәннің мәнін терең түсіну қабілетін арттыру қажет. Мұндай жағдайларда және білім беру деңгейінде оқушылардың сыни ойлауы дамиды.

Осылайша, Lesson Study практикасына енгізу кезінде келесі іс-әрекеттерде оқушылардың сыни ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейі атап өтілді: А және В деңгейіндегі оқушылар зерттелетін пәнге көбірек қызығушылық таныта бастады, сондай-ақ С деңгейіндегі оқушылар білім деңгейін арттыра алды. Эксперименттік топ әріптестер арасындағы тәжірибе алмасу сапалы деңгейге жетті және оқу тәжірибесінің өзі жақсарды деген қорытындыға келді.


**Түркістан облысы, Шардара ауданы
“Жаушықұм” мектеп-лицейі
Көркем еңбек пән мұғалімі, педагог-сарапшы
Қошқарбек Иллаззат Сатбайқызы**




МҮСІН ӨНЕРІ. ГИПС ПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Бөлім:		
Педагогтің аты-жөні	Қошқарбек Иллаззат	
Күні:		
Сынып: 5 «Б»	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Мүсін өнері. Гипспен жұмыс жасау жолдары	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	5.1.1.1-Қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)	
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың білімі мен жан-жақты ойлау қабілеті мен ой ұшқырлығын сынау. Қол өнер бойынша алған білімдерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру, жан -жақты дамыған азамат тәрбиелеу.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<i>Ұйымдастыру сәті</i> Амандасу – «Көңілді сөз» жаттығуы. Шеңбер жасап отырып, қасында отырған адамға қарап көңіл көтеретін бір сөз айту. Мысалы: сен бүгін өте әдемісің, көйлегің қандай әдемі. Балаларды 2 топқа бөлеміз. 1 топ Жауқазын 2 топ Раушангүл	Мұғалімнің сұрағына жауап береді. Сабақ тақырыбын анықтайды.	Бағалау	Түрлі түсті краскарлар.
Ортасы	<i>Оқушылардың қызығушылығын ояту</i> Мұғалім оқушылармен бірге «Сықырлы қобдиша» ойынын ойнаймыз. Қобдишада өткен сабақтар туралы сұрақтар бар. Сол сұрақтарға жауап беру шарт. Жаңа сабақ. Жұмбақ айтудан бастау. Жеміс - жидек жегенім Балды жақсы көремін (аю) Басында көп - ақ бұтағы, Адамды көрсе зытады. (Бұғы) Мүсін өнерінің шығу тарихы. Қазақстан аумағында ежелгі мүсін өнері ескерткіштері тас дәуірінде пайда болған. Оны	Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. 	 Гүлдер арқылы бағалаймыз..	Слайд 1

	жасауға сопақ пішінді тастарды іріктеп алған. Олар: Орталық Қазақстан, Жетісу өңірінде көп кездеседі. Ертеректегі тас мүсіндер жалпақ, әрі көлемді болып келеді. Одан кейінгілері жұмырлы мүсін болып келеді. Мүсіндеу өнері - көркем өнердің бір түрі. Мүсіндеудің графика мен кескіндемеден айырмашылығы кескіннің барлық жағынан анық көрсетілуі.. Олардың жақсы бір қасиеті ырыққа көнгіш, тез иленеді, жасаған мүсін формасын қалай өзгертем десең де ыңғайлы. Мүсін жасағанда қолданылатын басты қолданылатын құралдар: тақтайша, каркас, қалақша т. б. Мүсін орындағанда арнайы киім немесе алжапқыш кию керек. Өйткені олардың мектеп формасы былғанбауы тиіс. Мүсін кезінде айналмалы станокты пайдалану орынды. Бұл станокпен жұмыс істеу өте қолайлы. Жаңа терминдерге түсінік беру. Жұмысымызды бастамас бұрын қауіпсіздік ережесін еске түсірейік. Алжапқыш тағамыз Гипспен үстімізді лаптамау. Жұмыс жасау кезінде көзге тигізбеу. Гипспен жұмыс соңында қолыңды жуу. 1. Оқушылар бүгінгі ашық сабағымызда жасалатын жұмысымыз гипстен кәде сыйлар жасау. Гипстен жасалған кәде сыйларымыз жаңаша үлгіде ой қиялмен шыққан сол жұмысты сендерге үйретейін. Керекті материалды дайындап алып жұмысымызды бастаймыз. Алдымен гипсті алып керекті мөлшерде езіп аламыз керекті қалпымызға езілген гипсті ішкі жағынан құйып жағамыз жағып болған соң кебіуін күтеміз кеуіп болған соң пластик құтының екінші бөлігіне астыңғы жағына гипс құйып кепкенін күтіп құтыны кесіп алып асты үстіңгі жағын бір -бірімен бекітіреміз қалған жұмысымызды эскизге қарап толықтырамы Тапсырма №1 1 топ Аю мүсінін жасаймыз 2 топ Бұғы мүсінін жасау 3 топ Жауынқұрт мүсінін жасау Тапсырма №2 Жасалған мүсінді әсемдеу керек. Түстер үйлесімділігін ескере отырып жасалған затымызды әсемдейміз. Балалар, біз бүгінгі сабақта өздеріңіз көріп отырғандай гипстен затты қалай жасалу керектігі туралы мәлімет алдық. Оны қалай мүсіндеп жасауды да үйрендіңдер деп ойлаймын. Сабақты қорытындылау. Оқушылардың жұмыстарын тексеріп, сұрақ қою арқылы түсініктерін тексеру. өз жұмыстарын қалай қай әдіспен мүсіндегенін сұрап бағалау. Оқушылардың жұмыстарын салыстырып қателерін айту. Білім ағашы	  	Слайд 2 Слайд 3 Слайд 4 Слайд 5   	
Соңы				
Рефлексия				

Түркістан облысы, Шардара ауданы
 “Жаушықұм” мектеп-лицейі
 Бастауыш сынып мұғалімі
 Жиренбаева Асел Тузелбаевна



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫ АРҚЫЛЫ МОЛАЙТУ

*«Ауыз әдебиетінің тіл байлығын пайдаланыңдар,
 одан пайдалы ілім үйреніңдер»*

М. Горький

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті. Қазақ ауыз әдебиеті (халық поэзиясы, фольклоры) — қазақ халқының бұқаралық көркем сөз шығармашылығы. Алғашқы нұсқалары ерте заманда, түркі тектес рулардың, тай-палардың сөйлеу тілі қалыптаса бастаған кезде пайда болған. Жазу – сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана сақтаған және оларды ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, алғашқысында жеке авторлар шығарған шығармалар кейіннен өңделіп, сұрыпталған, оған коллектив болып творчестволық өзгерістер енгізіп отырған. Бертін келе ондай шығармалар көпшіліктің әдебиетіне айналып кеткен.

Ауыз әдебиетінің түрлері. Халық ауыз әдебиеті әр салада, әр түрлі жанрда дамыған. Тұрмыс-салт жырларынан бастап, эпостық жырларға дейінгі бай мұра халық ауыз әдебиетінің жанрлық өрісін танытады. Тұрмыс-салт әдебиетінің негізгі түрлері:

- тұрмыс салт жырлары;
- мақал-мәтелдер мен жұмбақтар;
- лиро-эпостық жырлар;
- айтыс өлеңдері;
- тарихи жырлар, шешендік сөздер.

Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары — тұрмыс-салт жырлары, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тақпақтар, шешендік сөздер, ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлар (лиро-эпос), тарихи жырлар, айтыс өлеңдер. Бұлардың бәрі де мазмұнына, тақырыбына, құрылысына қарай ішкі жанрлық түрлерге жіктеледі. Басқалардан гөрі тұрмыс-салт жырларының түрлері көп. Діни ұғымға байланысты өлеңдер, арбау, жалбарыну, бәдік, бақсы сарыны болып бөлінсе, үйлену, қыз ұзатуға байланысты өлеңдер — той бастар, бет ашар, жар-жар, сыңсу болып дараланады. Бұлардан басқа тіршілік кәсіпке, төрт түлік малға байланысты да өлең түрлері және адам өміріндегі мұңшерді білдіретін қоштасу, естірту, көңіл айту, жұбату, жоқтау тәрізді өлеңдер де бар. Қазақ ауыз әдебиетіндегі ұсақ өлеңдерді халық лирикасы немесе халықтың өлең-жырлары деп те атайды. Осы топқа жататын шығармаларға кара өлең (он өлеңі), өтірік өлең, бесік жыры және толғау, терме, тақпақты да қосуға болады. Дастандар тобына батырлар жыры, лиро-эпос, тарихи жырлар жатады. Ертегілер: қиял-ғажайып ертегілері, хайуанат жайындағы ертегілер

және салт ертегілері болып бөлінеді. Шешендік сөздер, қанатты сөздер, нақылдар, мақал-мәтелдер — бейнелі сөздер тобын құрайды. Жұмбақтар мен жаңылтпаштар да осы топқа жақын. Қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары бір мезгілде пайда болған есім. Тұрмыс-салт жырларының кейбір түрлері көне заманның куәсі болса, тарихи жырлар, айтыстар бергінде шыққан.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В. Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: "Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын", — деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Мақал-мәтелдер — халықтың ауызша ақындық (поэзиялық) шығармашылығының көп тараған ескерткіштері. Оларда ғасырлар бойы халықтың әлеуметтік тарихи тәжірибесі туралы нақыл сөздер арқылы халықтың ой пікірі, арманы, көзқарасы баяндалған. Осындай қасиетті сөздерді қазақ халқы қастерлеп өнеге етіп дене адамдардың елең өрнектерімен ойластырған мақал-мәтелдері үнемі пайдаланып келген.

Жұмбақтар. Халық арасында жылдам айтылып келе жатқан жұмбақтардың саны көптеп саналады. Жұмбақ жастардың қиялын, танымдық іс-әрекетін, қабілетін дамытады. Жұмбақтың тәрбиелік және дидактикалық мәні де зор. Сондықтан оларды тәрбие сағаттарында, пәндік және тақырыптық кештерде, әртүрлі ойын-сауықтарда пайдалануға болады. Олар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой - қиялын ұштастыруға көп әсер етеді.

Жаңылтпаш. Жаңылтпаш сөз әдейі жаңылту үшін құрастырылады. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін - жанр. Балаларды жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс, шапшаң айтуға, тілде басқа сөздердің бұралып кетуіне, соның басын құрып, келістіріп айтуға үйретеді.

Қазақ халқының жас ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі - ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген. Т. Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: "Ертегі - рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі", - деп анықтама береді.

Қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектептегі білім мазмұнын түбегейлі жаңарту жұмысы басталды. Соның алғашқысы — жалпы білім жүйесінің іргетасы, негізгі болып есептелетін мектептердегі жаңартылған білім мазмұнына сай бағдарламалар жасау. Бағдарламаның мақсаты — оқушылар бойына өз ұлтының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сіңіру. Бұл бағдарламалар тек жоғары сыныпқа арналған, ал мектептің Қазақ әдебиеті пәніне арналған бағдарламалар жоқтың қасы. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу — әрбір ұстаздың басты міндеті.

Қорыта келгенде, халық ең асыл өнері — бай ауыз әдебиеті арқылы өзінің тарихын, халықтық рухын бейнелеген. Қазақ халқының отансүйгіштік, имандылық, адамгершілік тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі — халық ауыз әдебиеті. Себебі халық ауыз әдебиетінің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет- ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы т.б. бейнеленген. Сондықтан ауыз әдебиетінің балаларға отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметі бар. Мысалы, халық ауыз әдебиетінің бір бөлігі ертегілерді алып қарасақ, ол балалардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, елін қорғауға, өнерді игеруге т.б. уағыздайды. Оның үстіне ертегілер жоғарыда аталғандармен қатар баланың сөздік қорын да молайтады. Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған бала-үздік оқушы, себебі жаңағы айтылғандар-жақсы үлгілердің алғышарты.

**Түркістан облысы, Шардара ауданы
“Жаушықұм” мектеп-лицейі
Математика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Пошанова Макпал Мырзахановна**



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ҚОҒАМНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қоғамның қазіргі өмірінде білім алушылардың жеке басының шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпы шығармашылық әлеуетін жандандыру мәселелері өзекті болып отыр. Дәл осы мәселе отбасы мен мектеп сияқты тәрбие институттарының арасында басымдыққа ие. Педагогикадағы адамгершілік, эстетикалық және шығармашылық салалардың бірігуі, бір жағынан, интеграцияға деген ұмтылыспен, екінші жағынан, оқудағы адамгершілік пен шығармашылықтың үйлесімділігімен анықталады. Бұл жеке тұлғаның жан-жақты, тұтас және үйлесімді дамуына ықпал ететін бірлестік.

Ойлау, талдау, әртүрлі жобалар жасау қабілеті - бұл жоспар құруға, балаларға өз бетінше шешім қабылдауға және қазіргі өмірдің қиын жағдайында әрекет етуге көмектесетін өте маңызды дағдылар. Сондықтан алғашқы оқу жылынан бастап оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, дәстүрлі емес шешімдерді іздеуге дағдыландыру қажет. Мұғалім «Ақыл азығын» қамтамасыз етіп, ойлауды дамытуға үнемі қамқорлық жасамаса, онда оқушылар шығармашыл тұлға ретінде қалыптаса алмайды. Мұғалімнің негізгі міндеті – оқушылардың оқу материалын шығармашылықпен қабылдауына және олардың өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуына ықпал ету. Шығармашылықтың дамуы бірте-бірте жүреді. Дегенмен, жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізгенде тиімдірек болады. Сондықтан математика сабағында мәселелік жағдаяттар тудыру, логикалық, стандартты емес тапсырмаларды шешу арқылы шығармашылық әлеуетті дамытуды күшейтуді басты міндеттердің бірі ретінде алға қоюға болады.

Математикадағы шығармашылық ойлаудың құрылымы келесідей деп көрсеткен:

- математикалық материалды формальды қабылдау қабілеті, есептердің формальды құрылымын түсіну қабілеті;
- сандық және сапалық қатынастар, сандық және символдық символизм саласындағы логикалық ойлау қабілеті, математикалық символдармен ойлау қабілеті;
- математикалық пайымдау процесін жетілдіру қабілеті және тиісті әрекеттер жүйесі, математикалық ойлау қабілеті құрылымдармен ойлау;
- математикалық қызметтегі ойлау процестерінің икемділігі;
- шешімнің айқындығына, қарапайымдылығына, үнемділігі мен ұтымдылығына ұмтылу;
- ойлау процесінің бағытын тез және еркін қайта құру, ойдың тікелей бағытынан кері бағытына ауысу қабілеті;
- математикалық жады (математикалық қатынастарға жалпыланған жады, типтік сипаттамалар, пайымдау және дәлелдеу схемалары, есептерді шешу әдістері және оларға көшу принциптері); ақыл-ойдың математикалық бағыты.

Сондай-ақ, шығармашылық ойлауда маңызды емес компоненттерге:

- ойлау процестерінің жылдамдығы уақытша сипаттама ретінде;
- есептеу қабілеттері;
- сандарға, формулаларға жад;
- кеңістіктік қатынастарға қабілеттілік;

- абстрактілі математикалық қатынастар мен тәуелділіктерді көрнекі түрде көрсету мүмкіндігі.

Әрине, мұғалім оқушылардың мүдделерінің дамуын мұқият қадағалап отыруы керек. Оқушылар өз кезегінде осы мәселелерді шешу арқылы өздері үшін жаңа және пайдалы білім ашатынына сенімді болуы керек.

Оқушылардың математикалық қабілеттерін тәрбиелеу мен дамытудың негізгі құралы-тапсырмалар. Белгілі заманауи математик және әдіскер Д. Пойп былай деп жазады: "Математиканы меңгеру нені білдіреді? Бұл стандартты ғана емес, сонымен қатар белгілі ойлау дербестігін, парасаттылықты, өзіндік ерекшелікті, тапқырлықты қажет ететін мәселелерді шеше білу".

Мектептегі математика оқулықтарында оқушыларға бақылау, ұқсастық, индукция, эксперимент рөлін көрсетуге болатын тапсырмалар аз.

Оқушылардың математикалық қабілеттерін тиімді дамыту оқу процесінде тапқырлық есептерін, әзіл-қалжың есептерін, математикалық жұмбақтарды қолданбай мүмкін емес.

Шығармашылықты дамытуда стандартты емес тапсырмаларды шешудің маңызы зор. Мұндай тапсырмаларды шешу өте күрделі процесс, оны сәтті жүзеге асыру үшін оқушы ойлана білуі, болжай білуі, нақты материалды жақсы білуі, тапсырмаларды шешудің жалпы тәсілдерін білуі керек. Сондай-ақ, оқушыларды қоршаған өмірден алынған міндеттер, оқушыларға таныс нәрселермен, тәжірибемен байланысты, оқушыға түсінікті мақсатқа қызмет ететін міндеттер үлкен қызығушылық тудырады. Мұғалім оқушылар үшін қызықты тапсырмаларды тауып, оларды уақтылы ұсына білуі керек. Математика сабақтарында шығармашылық ойлауды дамытуға әр түрлі логикалық есептер де ықпал етеді:

- математикалық анаграммалар, терминологияның математикалық дағдыларын игеруде қолданылады;

- жаттығулардың әртүрлі түрлерін шешуде қолданылатын эвристикалық әңгімелер;

- логикалық жаттығулар, мысалы, натурал сандардың есептеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған;

- Оқушылардың теңдеулер мен теңсіздіктердің шешімдерін саналы түрде игеруіне ықпал ететін логикалық тесттер .

Баланың шығармашылығын ашатын-дифференциация тәсілі. Дифференциация білімді неғұрлым берік және терең игеруге, жеке қабілеттерін дамытуға, дербес шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар оқушылардың оқуда олардың мүмкіндіктеріне сәйкес алға жылжуына жағдай жасайды. Бұл әдісті қолданған кезде мұғалім әлсіз оқушыға көмектесуге, сондай-ақ озат оқушылардың оқу материалын тезірек және тереңірек игеруге деген ұмтылысын жүзеге асыра отырып, үлгерімдері жақсы оқушыларға назар аударуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, күшті және әлсіз оқушылар сабаққа деген ынта деңгейін жоғарылатады, өйткені күшті оқушылар өздерінің қабілеттерін растайды, ал әлсіздер оқу жетістіктерін сезінуге мүмкіндік алады.

Оқытудың ойын әдістері, басқа әдістер сияқты, оқу процесін қызықты етеді, оқушылардың көңіл-күйін көтереді, оқудағы қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Кейстер, миға шабуыл, синектика әдісі оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, олардың танымдық белсенділігін дамытуға, практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ коммуникативті қабілеттерді дамытуға, топта өзара әрекеттесуге бағытталған. Бұл әдістер өз бетінше жұмыс жасағаннан кейін өзара тексеру және өзін-өзі тексеру кезінде жақсы қолданылады. Әрбір оқушы ыңғайлы жағдай туғызатын нәрсені тексеруге, бағалауға, ұсынуға, түзетуге және қысқа мерзімде бүкіл топтан сұхбат алуға мүмкіндік алады. Даму оқыту және тәрбиелеу процесінде жүзеге асырылады. Ол әлеммен өзара әрекеттесу процесінде, оқу процесінде материалдық және рухани мәдениеттің, өнердің мазмұнын игеру арқылы қалыптасады. Сондықтан шығармашылық ойлаудың арнайы, мақсатты қалыптасуы, жүйелі қалыптастырушы әсер туралы айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Скобенко Л.Д. Организация учебной исследовательской деятельности младших школьников при изучении математики // Молодой ученый. – 2014. – №4. – С. 1102-1105;
2. Джанабердиева С.А. Занимательные методы преподавания математики // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований, 2014. № 3-1. С. 92-96;
3. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=4757/> (дата обращения: 21.01.2020).

**Түркістан облысы, Шардара ауданы
“Жаушықұм” мектеп-лицейі
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Шаутикова Маржан Орынбасаровна**



ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА КӨРНЕКІЛІКТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗЫ

Білім беру мазмұнын жаңарту, ең алдымен, оқу бағдарламасында көрсетілген білім мазмұны анықталған кезде білім беру процесін дәстүрлі ұйымдастырудан кетуді көздейді (әзірлеушілердің әрқайсысы теориялық материалдарды мүмкіндігінше қамтуға тырысқан кезде), және білім беру бағыттарымен анықталатын және белсенділік аспектісін көрсететін күтілетін нәтижелерге негізделеді, яғни оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Бірден айта кету керек, жаңартылған бағдарлама - бұл жаңа оқулықтар, жаңа сағаттар кестесі, жаңа тәсілдер, әдістер, стратегиялар ғана емес, ең бастысы, білім беру мазмұнының өзгеруі, ұзақ мерзімді жаңа көзқарас, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау, сонымен қатар балаларды бағалаудың жаңа тәсілдері (формативті, жиынтық бағалау). Біліктілікті арттыру курстарының соңында мектеп мұғалімдерінің алдына қойылған міндеттердің орындалатындығы белгілі; әдіс-тәсілдері мен стратегиялары шет тіліндегі оқу үдерісіне белсенді қатысуға және үш тілде пәндерді оқытуға ықпал етеді, біртіндеп, кезең-кезеңімен енгізу, бұл заманауи, бәсекеге қабілетті түлектің уақыт үрдісі. Қазір негізгі пән мен ағылшын тілін кіріктіруге негізделген сабақты оқытудың тиімді формаларының бірі ретінде CLIL туралы көп айтылып жатыр және біз тиімді дифференциация студенттердің сабақ барысында мұғаліммен бірге қалай жұмыс істеуін бақылаудан гөрі маңыздырақ, бұл әр түрлі әдістер мен тәсілдердің араласуымен әрекеттің өзгеруі және үнемі түрленуі. Шетел тілін меңгерудің негізгі қиындықтары - бұл тыңдау және сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін дамыту. Оның үстіне тыңдаусыз сөйлеуді үйрену мүмкін емес. Олар бірге ауызша қарым-қатынастың бір актісін құрайды. Тыңдау қарым-қатынас процесінде туынды, екінші реттік болып табылады, ол сөйлеуге сүйемелденеді және онымен синхронды. Сөйлеу әрекетінің түрі ретінде тыңдау дағдыларын дамыту - шет тілін оқытудың дербес міндеттерінің бірі. Тыңдауды үйрену оқушылар тек естіп қана қоймай, сөйлеушіні көретін жаттығулардан басталуы керек. Бастапқыда олар түсінуді тексеруге емес, естігендерін қайталауға бағытталған. Әрқашан жауап талап ету қажет емес. Бұл тіпті кейде тыңдау жаттығуларына кедергі келтіруі мүмкін - оқушы естігенін талдап, оны тереңірек түсінудің орнына жауап туралы ойлануға тырысады. Сөйлеуді көбейту қазірдің өзінде соңғы нәтиже болып табылады, себебі сөйлеу - тілдің ең қиын аспектісі. Жақсы нәтиже тану, ажырату, салыстыру мақсатында тыңдау жаттығулары арқылы беріледі.

Шетел тілін оқытудың бастапқы кезеңінде көрнекілік әсіресе қажет. «Балалардың табиғаты айқындықты қажет етеді. Балаға белгісіз бес сөзді үйретіңіз, сонда ол оларды қажетсіз қинайды, бірақ жиырма осындай сөзді суреттермен байланыстырыңыз, сонда бала оларды бірден ұғып алады.» (В.Г. Белинский). Әсіресе, шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде бір зат немесе оның бейнесі салынған сурет оқушылардың көз алдында тура тұруы керек және жадында мықтап ойып қалуы керек. Орта білім беру ұйымдарындағы шет тілі сабақтарында кескіндеме көрнекіліктерін қолдану өте тиімді. Бұл мұғалімге бастапқы кезеңде оқушылардың сөздік қорын кеңейту, сабақта және одан тыс жерлерде лингвистикалық ахуал тудыру, шет тіліндегі ауызекі сөйлеуді дамыту үшін сөздік қорды пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі. Шетел тілі сабағында көрнекілік балалардың танымдық іс-әрекетін белсендіруге, ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі, зерттелетін тілге деген қызығушылықты арттырады,

оқушылардың сөздік қорын едәуір байытады. Көрнекілік үшін шет тілін оқытудың бастапқы кезеңіне арналған бағдарламада көзделген ағылшын тілінің ең көп таралған сөздік қорын меңгеру қажет. Көрнекі суреттерді таңдауды біз оқушылардың қызығушылықтарының ерекшеліктерін ескере отырып жасаймыз. Олар: School, School – things, At the dining – room, House, Flat, The Family, Clothing, Meals, Animals. «Сурет сөздігімен» жұмыс жасау студенттерді сөзге ұқыпты қарауға шақырады, олардың лексикалық бірліктерді мағынасына сәйкес, мағыналы қолдануға деген ұмтылысын оятады.


Шетел тілі сабағында көрнекіліктерді қолдану, ең алдымен, оқушылардың сөздік қорын байытуға ықпал етеді, оқылатын шет тілі бойынша балалардың білімін, білігі мен дағдыларын жетілдіреді, мектеп оқушыларының осы пәнге деген қызығушылығын арттырады, бастауыш сынып оқушыларының толық шығармашылық әлеуетін ашуға көмектеседі. Көрнекілік тіл сабақтарына қызығушылықты оятады, ерікті зейінді еріктен кейінгіге аударады, үйренуге жататын материалдың көлемін кеңейтеді, кіші мектеп оқушыларының шығармашылық қиялын жаттықтырады. Оқытудың көрнекілік принципі - бұл оқушылардың материалды қабылдау, түсіну және жалпылау процесінің мәнінен туындайтын оқытудың интуитивті принциптерінің бірі. Көрнекілік студенттің жеке басының эмоционалды жағына әсер етеді. Көру мүшелері сезімтал екендігі белгілі. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» - дейді орыс мақалы. Ақпаратты игерудегі көру органдарының «өткізу қабілеті» есту мүшелеріне қарағанда бес есе артық. Бұл ақпарат адамның жадында оңай, тез және ұзақ уақыт сақталады. Мұғалімнің сөзімен ұштастыра отырып көрнекілікті қолдану материалды неғұрлым берік игеруге ықпал етеді. Көрнекі құралдар бейнелерді, бейнелерді ой құруға көмектеседі, ал ойлау бұл көріністерді ұғымға айналдырады. Иллюстрациялар зейінді, байқампаздықты, эстетикалық талғамды, ойлау мәдениетін, есте сақтау қабілетін дамытуға және шет тілін үйренуге деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді. Суреттер, фотосуреттер, диаграммалар, кестелер, суреттер - бұл визуалды көрініс. Сонымен қатар белгілі бір контекстен, лингвистикалық ортадан туындайтын ішкі көріну бар. Көрнекілік - бұл фотосуреттерде, суреттерде және т.б. бейнеленген осы объектілердің психикалық бейнелерінің көрінісі, олар көріну туралы сөйлескенде, олар осы объектілердің бейнелерін білдіреді. Жарқын көріну тірі бейнелер туралы идеяны тудырады, сәйкес ассоциацияларды тудырады, өйткені көрінуді қабылдау оқушыға эмоционалды әсер етеді. Аудиторлық, визуалды және объектілік визуализация бар. Пәндік көрнекілікті қолдану шетел тілінде ойлаудың дамуына ықпал етеді. Мысалы, сабақта суреттерді қолдана отырып, сіз балалардың белгілі бір құбылыстарды тез үйренетіндігін және сыныпта өзін белсенді ұстайтындығын көре аласыз. Сурет әрдайым сабаққа анимация әкеледі. Шетелдік сөйлеудің мағынасын түсінуге көмектесетін сурет бойынша оқиғаны балалар қызығушылықпен тыңдайды, олар өздері сөйлеуге немесе суреттің мазмұны туралы сұрақтарға жауап беруге асық. Материалды түсіндірген кезде тақтаға жаңа сөздер жазылған карточкаларды, ал олардың жанына сәйкес суреттерді орналастыруға болады. Оқушылар сөздерді оқып, мағынасын болжау үшін суретті пайдаланады. Суреттерді қолдана отырып, біз оқушыларды жұмыс істеуге мәжбүр етеміз және олардың мотор жадын белсендіреміз. Сабақтың бастапқы кезеңінде (фонетикалық жаттығуларда) айқындылық принципін қолданған жөн. Мысалы, өлеңдермен жұмыс жасау кезінде студенттер талқыланып жатқан нәрсені көз алдына елестетуге мүмкіндік алады. Өлеңдерден басқа ойындар өткізуге болады, оның мақсаты оқушылардың сөздерді қаншалықты білетіндігін және олармен сөйлем құрай алатындығын тексеру. Ойындар үшін кішкене суреттер бейнеленген қағаз парақтары таратылып, жаңа сөз алдыңғы сөздің соңғы әрпінен басталатындай етіп орналастырылады. Сондай-ақ, олардың астына сөздер жазылған суреттерді таратуға болады, оқушылардың міндеті - осы сөздермен мүмкіндігінше көбірек сөйлемдер құрастыру. Мазмұнды жаңартуға көшу адам ресурстарына жаңа талаптар қояды. Сондықтан мұғалімге орта жалпы білім берудің жаңартылған мемлекеттік білім беру стандартының әдістемесі мен мазмұнын қабылдауға, білім беру процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуге, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен әдістерін өзгертуге дайындық қажет.

Қорытындылай келсек, мұғалімнің басты міндеттерінің бірі- жаңартылған бағдарламаны қолдану барысында оқушылардың бойында адами негізгі нормалар мен адамгершілікті қалыптастыру, толеранттылық пен басқа мәдениеттер мен көзқарастарға деген құрметті қалыптастыру, саналы, дені сау бала тәрбиелеу. Жаңартылған бағдарламаның маңызды міндеттерінің бірі - «бәсекеге қабілетті, жан-жақты үйлесімді дамыған, функционалды құзыретті тұлғаны дамытуға ықпал ететін өмір бойы білім алу. Бүгінде әлем бір орында тұрмайтын ақпаратты технология дамыған заманда, оқытушыларға болашақта біздің мемлекетімізді дамытып, бейбітшілік пен тәртіпті сақтайтын белсенді, тәуелсіз, бастамашыл азаматтарды өсіру құзіреті тұр. Тіпті Пифагор: «Кез келген халықтың адамгершілік қасиеттерін білу үшін алдымен оның тілін зерттеуге тырысыңыз», - деген.

Түркістан облысы, Шардара ауданы
 “Жаушықұм” мектеп-лицейі
 Тарих пән мұғалімі, педагог-сарапшы
 Асқарова Гүлайша Жолдасхановна




САҚ ПАТШАЙЫМЫ ТОМИРИС

Күні:	Мектеп: «Жаушықұм» мектеп-лицейі Мұғалімнің аты-жөні: Асқарова Гүлайша			
Сыныбы: 5 «В»	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Сақ патшайымы Томирис.			
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	5.3.2.1. Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау;			
Сабақтың мақсаты:	1.Барлық оқушылар: Томирстің сақ патшасы екенін біледі.			
	2. Көпшілік оқушылар: Жазба деректер арқылы соғыстың сылтауы мен себебін ажырата алады.			
	3. Кейбір оқушылар: Томиристің бейнесін сипаттайды, сақ мемлекетінің халықаралық аренадағы орнын анықтайды			
Бағалау критерилері	Сақ патшайымы Томирис туралы жазба деректермен танысады. Сақ патшайымы Томиристің жүргізген сыртқы саясатын біледі.			
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау			
Сабақтың барысы				
Сабақтың жоспарланған кезендері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру: Сәлемдесу, түгендеу. Оқушыларды «Жебелермен» топқа бөлу. Үй тапсырмасын сұрау: WordWall платформасында «Бос ұяшықты таңда» әдісі арқылы үй тапсырма  https://wordwall.net/ru/resource/52451624	Оқушылар орындарынан тұрып LED экраннан ұяшықтарды таңдап берілген сұрақтарға жауап береді	Әр оқушыға жауап парағы беріледі. Сол жауап парағына сай балдарын қойып отырады. Балл бойынша	 АКТ LED экран

Сабақтың
ортасы
(5 минут)

Тапсырмаларды
орындау
1-Тапсырма
(5 минут)

2-тапсырма
(10 минут)



1. Тасмола мәдениеті ескерткіші табылған жер?
2. Мұртты обалар қай ғасырға жатады?
3. Обалардың мұртты обалар деп аталу себебін айта аласыңба?
4. Мұртты обалардың қандай түрлері бар? Оларды ата?
5. Тасмола мәдениетінің өзіндік белгісі _____ деп аталатын ерекше ескерткіштер?
6. Мұртты обалардың неше түрі бар?
7. Мұртты обалар қай мәдениетке жатады?
8. Мұртты обалардың табылған заттарын ата?

+ добавить элемент

Жаңа сабақ

Сабақтың тақырыбы: Сақ патшайымы Томирис.

1.Бейнеролик Сақ патшайымы Томирис

<https://youtu.be/rNicdnYJby0?si=jh4SAzgNCS83utw8>

1-тапсырма. Жаңа сабақ бойынша Мағынаны тану кезеңі «Тарихи тұлға» Суреттерді пайдалана отырып, ел қорғаушы ретіндегі рөлін тізбектеп жазамыз

1-топ

2-топ



1-топтың дискрипторы:

- Сақ патшайымының қандай болғанын түсіндіреді
- Дала патшайымының қарсыласын біледі

2-топтың дискрипторы:

- Кир туралы айтып береді
- Парсы патшасы Кирдің әскерінің ерешелігін айтады

2-тапсырма Жұптық жұмыс

Тапсырмалар : Оқушылар экранда берілген пин кодтарды енгізу арқылы берілген ақшаларды тандап берілген тапсырмамен жұп болып жұмыс жасайды.

Оқушылар зейінін мұғалімге аударады. Түсінбеген сұрақтарын мұғалімнен сұрайды. Сабаққа кері байланыс береді

Тапсырмалары топпен орындайды

Дискрипторларды ескереді

2-тапсырма Интерактивті тақтамен жұмыс жасайды. Берілген тапсырмаларға жұптасқан түрде жауап береді

Әр оқушыға жауап парағы беріледі. Сол жауап парағына сай балдарын қойып отырады. Балл бойынша

Әр оқушыға жауап парағы беріледі. Сол жауап парағына сай балдарын қойып отырады. Балл бойынша



Әр оқушыға жауап парағы беріледі. Сол парағына сай балдарын қойып отырады. Балл бойынша

Әр оқушыға жауап парағы беріледі. Сол жауап парағына сай балдарын қойып отырады. Балл бойынша



КТ
LED экран
суреттер



3-тапсырма (5 минут) Сабақты бекіту (5 минут)	 Есеп : 1-ші 500 тг тапсырма Томирис пен Кир шайқасы туралы жазған рим тарихшысы? Помпей Трог 2-ші 1000 тг тапсырма Парсылармен шайқаста қаза болған Томирисің баласы? Спаргапис 3-ші 2000 тапсырма Кир патшаның сақтарға қарсы жорық жасаудағы мақсаты қандай 4-ші 5000 тг тапсырма Сақ патшайымы Томириске Кирді жеңу үшін қандай қолайсыз жағдай түрткі болды? 5-ші 10000 тг тапсырма. Кир патшаның әскерінің ерекшелігі неде? 6-шы 20000 тг тапсырма. Кир патшаның сақ патшайымы Томириске жорығы неліктен сәтсіз аяқталды? 3-тапсырма «Ақиқат» «Жалған» кестесі бойынша интерактивті жұмыс https://www.educaplay.com/learning-resources/17872676-learning_resource.html  Томирис Кир патшадан жеңілді-Жоқ Кир патшаның әскері екі есе күшті болды- Сақ ханшайымы Томирис-Иә Кир македония патшасы-Иә Томирис тәуелсіздік үшін шайқасты-Иә Спаргапис- парсы патшасы Кирдің баласы-Жоқ «Венн диграммасы» арқылы Кир патшамен Томирис ханшайымның ортақ қасиеттерін анықтау	2-тапсырма Интерактивті тақтамен жұмыс жасайды. Берілген тапсырмаларға жұптасқан түрде жауап береді 3-тапсырма «Ақиқат» «Жалған» кестесі бойынша жеке жеке тапсырманы орындайды Топпен бірге Венн диаграммасын орындайды	Әр оқушыға жауап парағы беріледі. Сол жауап парағына сай балдарын қойып отырады. Балл бойынша	 АКТ LED экран суреттер АКТ LED экран  АКТ LED экран суреттер
Сабақтың соңы (5 минут)	Рефлексия https://answergarden.ch/4052285 платформасы арқылы орындалады	Сабаққа кері байланыс. Рефлексия		

**Түркістан облысы, Шардара ауданы
“Жаушықұм” мектеп-лицейі
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор
Толықбаева Лаззат Алпысбаевна**



КӨЛЕҢКЕ ТЕАТРЫН ҚАЛАЙ ЖАСАЙДЫ?

Білім беру ұйымының атауы	«Жаушықұм» мектеп лицейі			
Пәні:	Жаратылыстану			
Бөлім:	Табиғат физикасы.Жарық, дыбыс, электрлік, магниттілік			
Педагогтіңаты-жөні:	Толықбаева Лаззат			
Күні:				
Сынып: 3Ө	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	№ 55 Көлеңке театрын қалай жасайды?			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.5.2.1 - көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіру; 3.5.2.2 - денелердің жарықты шағылыстыру қасиетін түсін			
Сабақтың мақсаты	көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіреді денелердің жарықты шағылыстыру қасиетін түсінеді			
Құндылықтар	Сыни және креативті ойлау			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі Психолгиялық ахуал қалыптастыру Ұй тапсырмасын сұрау Өткенді пысықтау Сабаққа кіріспе «Миға шабуыл» әдісі Көлеңкені қалай жасауға болады?	Оқушылардың назарын сабаққа аудару Ұй тапсырмасын Оқиды	 КБ-лифт 	Оқулық
Сабақтың ортасы 25мин	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстыру Жаңа тақырып. ФС.1-тапсырма.Айтылым.ҰЖ Толық жауапты қажет ететін ашық тапсырма.«Еркін әңгіме» әдісі 1. Суретпен жұмыс: Негеш пен Эврика достарына көлеңке театрын көрсетпек болды.Неліктен қабырғада көлеңке пайда болады? Көлеңке жақсы көрінуі үшін балалар не істеуі керек? 2.Хайуанат бағы	Зертте	Дескриптор: Көлеңке жақсы көрінуі үшін балалар не істеуі керек екнін айтады-26 Түрлі бейнелердің көлеңкесін түсіреді-16 Көлеңкенің айқын көрінетін кезін айтады-26 Мәтінді түсініп оқиды-16	Оқулық Суреттер Оқулық

	Түрлі бейнелердің көлеңкесін түсіріп көр. Көлеңке қашан айқын көрінеді? 3. Мәтінмен жұмыс. ЕБҚ сұрақтардың бірнешеуіне жауап береді Сергіту сәті 4. Зертте Көлеңке заттың пішініне байланысты ма? Қағаздан фигуралар жасап, өз көлеңке театрыңды көрсет. 4. Ойлан. Таң атқаннан кеш батқанға дейінгі аралықта ағаштың көлеңкесі неліктен өзгеріп отырады? ЕБҚ қолдау көрсетіледі		Дескриптор: Қағаздан фигуралар жасап, өз көлеңке театрыңды көрсетеді-26 Таң атқаннан кеш батқанға дейінгі аралықта ағаштың көлеңкесі неліктен өзгеріп отыратыны туралы әңгімелейді-26 	Суреттер Оқулық Суреттер оқулық
Сабақтың соңы 10 мин Кері байланыс	Үйге тапсырма мәтінді мазмұндау 	Үй тапсырмасын алады Кері байланыс жасайды	ҚБ-лифт  Кері байланыс	Кері байланыс парақтары


Түркістан облысы, Шардара ауданы
“Жаушықұм” мектеп-лицейі
Бастауыш пән мұғалімі, педагог-модератор
Мамырова Гүлжайна Романкуловна




МУЗЫКА ЖӘНЕ МҮСІН

Білім беру ұйымының атауы	«Жаушықұм» мектеп-лицейі
Пәні:	Музыка
Бөлім:	Өнер
Педагогтің аты-жөні:	Мамырова Гүлжайна
Күні:	
Сынып: 3	Қатысқандар саны Қатыспағандар саны
Тақырыбы	№ 19 сабақ Музыка және мүсін.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.1.3.2 – музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді. 3.1.3.3 – музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату 3.1.3.4 - музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату.

		3.1.3.5 - ұлттық, үрмелі, симфониялық оркестр аспаптарын ажырату.		
Сабақтың мақсаты		- музыка және мүсін өнерінің байланысы туралы біледі; – мүсін туралы жалпы түсінік алады;		
Құндылықтар		Ар ұят:әдептілік нормасын сақтайды.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың жоспарланған кезең	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 минут	 Топқа бөлу. «Киіз үй» әдісі. 1. Домбыра тобы 2. Жетіген тобы 3. Қобыз тобы	Оқушылар бір біріне жақсы тілектер айтады. Оқу құралдарын түгелдейді.	Жарайсыңдар!	Оқулық Суреттер 
Өткен сабақты пысықтау	«Шертпек» әдісі бойынша сұрақтарға жауап береді. 1. Музыка деген не? 2. Поэзия деген не? 3. Романс деген не? 4. Суретші дегеніміз кім? 5. Суретшілер нені бейнелейді? 6. Композиторлар музыканы қалай бейнелейді? 7. Қазақтан шыққан атақты суретші кім? 8. Музыканың қандай түрлері бар? 9. Музыканы табиғаттың қандай құбылыстары арқылы бейнелейді? 10. Көкшетау өлеңінің авторы кім? 1-тапсырма. Әңгімелеу. Талдау. «Суреттер сөйлейді» әдісі. Сабақтың тақырыбын ашу үшін оқушыларға түрлі мүсіндердің суреттерін көрсетеді. Ғаламтор желісін де пайдалануға болады. Сыныпта мүсіндерге байланысты әңгіме жүргізу қажет. Бейнетаспадан көрген мүсіндерді сыныпта талдау. Мүсіндер мұражайында (музыкалық суреттер). – Мүсіндер түрлеріне назар аудару және келесі сұраққа жауап беру: – Мүсіндер қандай көңіл күйді білдіреді? 1. «Көңілді құлын» 2. «Аққу» 3. «Тоңмойын есек» 4. «Алдаркөсе»	Сұрақ жауап арқылы пысықтаймыз.	Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді.	Оқулық
Сабақтың ортасы		Жаңа тақырыпты меңгереді. Сабаққа қатысып, сұрақтарға жауап береді. Мүсін туралы өз пікірлерін айтады. Мүсін түрлерін айтады.	Дескриптор: Жаңа тақырыпты меңгереді. Мүсін түрлерін білетін болады. Сұрақтарға жауап береді. Тапсырманы орындайды.	

Сергіту сәті ҚЖ Кері байланыс	«Өнерлі баламын» өлеңін айту. 2-тапсырма. Топтық жұмыс. 1. Мақал мәтелдің жалғасын табу. 2. Жаңылтпашты жатқа айтқызу. 3. Жұмбақ шешу. «Әке толғауы» күйіне ритмикалы ойынша балалар қимыл қозғалыстар жасайды. 3-тапсырма. «Мүсіннің сыры» сөзжұмбағын шешу. Оқулықпен жұмыс: Сұрақтар мен жауаптар: 1. Мүсіннің формасы.(көлемді) 2. Мүсін жасалатын материал.(сүйек) 3. Кеңістікте жан-жақты бейнеленген, сомдалған көркем шығарма.(мүсін) 4. Мүсіндеме жасалатын материал.(темір) 5. Мүсін жасайтын адам.(мүсінші) 6. Көркемөнердің бір түрі.(мүсіндеме) 7. Мүсіндеме туындылары өлшемі.(ендік) 8. Күн шығар алдындағы мезгіл.(таң) 9. Мүсін жасалатын материал.(тас) 10. Мүсін жасалатын материал.(балшық) 11. Мүсіндеудің бір түрі.(рельеф) 12. Мүсіндеудің тағы бір түрі.(жұмыр) Қосымша тапсырма. «Киндер» әдісі арқылы жүргізіледі.  «Жеміс ағашы» әдісі бойынша кері байланыс беріледі. – Сабақта не сәтті шықты? – Қайсы тапсырма қиын болды? – Сабақта нені әлі де жақсарту қажет? 	Өлеңді барлығы караоке арқылы айтады. Оқушылар тапсырманы топпен орындайды. Оқушылар билейді Сөзжұмбақты шешеді. Топпен жұмыс; тапсырманы бірге орындайды Оқулықпен жұмыс. Тапсырмаларды орындайды. Кері байланыс береді.	Ән айтады Дескриптор: -мақал мәтелді табады -Жаңылтпашты жатқа айтады -Жұмбақ шешеді Қимыл қозғалыстар жасайды. Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді. Мүсін мен музыка өнерін салыстырады. Сөзжұмбақты шешеді. Мүсіннің сыры сөзжұмбағын шешеді. Мүсін неден жасалатынын біледі. Мүсіндеудің түрлерін біледі. Мүсін жасайтын адамды біледі. Дескриптор: Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды	 Лед экран Кеспе қағаздар Сөзжұмбақ жазылған плакат Лед экран
--	--	---	--	--

Түркістан облысы, Шардара ауданы
 “Жаушықұм” мектеп-лицейі
 Ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог - сарапшы
 Байзакова Айжан Оразәліқызы



ANIMALS

Term: II Unit 3.	Unit 3.	
Teacher's name:	Baizakova A	
Date:		
Grade: 6	Number present:	Number absent:
Theme of the lesson:	Animals	
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	6.1.1.1 use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups 6.3.7.1. use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics and some curricular topic.	
Lesson objectives	By the end of the lesson, the students will be able to: identify and express animals using descriptive language and wild and domestic animals words.	

Lesson procedure:

Stages of the lesson	Teacher's activity	Student's activity	Assessment	Resources/ materials
Warm-up	-Good afternoon pupils -How are you? -Children What day is it today?	Say Good afternoon, I'm fine thank you! And you? -Today is the 20 th of November.	Answer my questions	
Check up home task	“Frog” method pupils take the task from the leaves under the frog and answer the them. Құрбақа суретіндегі жабыстырылып тұрған жапырақтардан тапсырмаларды алып оқушылар жауап береді. Divide into two groups Wild animals and Domestic animals There are pictures of two kinds of wild animals and domestic animals on the paper and they are spread out and divide into two groups Кеспе қағаздарда екі түрлі яғни жабайы жануарлар мен үй жануарлардың суреттері бар кеспе қағаздарды таратып шығып екі топқа бөлінеді.	Pupils take the task from the leaves under the frog and answer the them. Оқушылар кеспе қағаздарын таңдап алу арқылы екі топқа бөлінеді.	1 point for correct answer	Frog and leaves pictures
Warm-up	Vocabulary Task 1 Exercise:1 at page 32 Match the animals in the box with photos 1-16 in the eye quiz on	Snake Frog Elephant Bear	Understanding of vocabulary related to feelings and actions	Board slide Pupil's Book (matching activity)

	page 33 which photo is not an eye. Жаттығуда берілген тапсырма бойынша суреттерде берілген көздер қай жануардың көзі екенін тауып суреттермен сәйкестендіру қажет.	Parrot Owl Human Shark Crocodile Whale Spider Seal Butterfly Falcon Chameleon fly		
	Task 2 “Kangaroo” method Exercise :2 at page 24 To put the sentences given on the picture noodle paper into the kangaroo pocket by making the correct rules Жаттығуда берілген тапсырмалар кенгуру балаларының суретімен беріледі және оларды жауап беріп кенгуру балалаыр тұратын қалташасына жапсырып шығады.	Children work on task given with pictures	Understanding of frequency words Ability to identify frequency words in text	
Relax time	A moment of the refreshment “Finding animal voice” drowing from the video and make it sound. Видеода берілген жануарлардың қалай дыбыс шығаратынын дыбысын салып табу керек. Task 3 “BEE” method Two student come out take the thread wuth the symbol of a bee and hold it on both sides.The student who finds the correct translate of the word brings the bee closer to his opponent. Екі оқушы тақтаға шығып ара суреті бар жіпшелерді алып әр дұрыс сөз аудармасын тапса жіпті жылжытып араны қарсыласына жақындатып отырады,аз сөз айтылған оқушыға ара бара-бара жақындап баланы шағып алады демек ол бала жеңілді деген сөз.	Vocabulary is defined by word competition.	Understanding of feeling a voice animals Дұрыс айтылған әрбір сөз қатесіз айтылғанына қарай бағаланады. Жылдам алғыр жауап беруге дағдыланады. Сөздердің дұрыс айтылуын үйренеді.	List of feeling numbers
Reflection	Ask children what they learned about animals.	Share what they learned.	Participation in discussion	
Home task	Exercise:4 at page 21 Memorizing words		Application of learned vocabulary	

Түркістан облысы, Шардара ауданы
 “Жаушықұм” мектеп-лицейі
 Химия пәні мұғалімі
 Турсынова Жансая Салыбайқызы



ХИМИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ

Бөлім:	7.3В Химиялық элементтердің периодтық кестесі
Педагогтің аты-жөні:	Турсынова Жансая
Күні:	
Сыныбы:	7 «А»
Қатысушылар саны	
Қатыспағандар саны	
Сабақтың тақырыбы:	Химиялық элементтердің жіктелуі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.2.1.1 -И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру
Сабақтың мақсаты:	-И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	Оқушылармен амандасу Сыныпта ынтымақтастықтық атмосферасын және қалыпты оқу ортасын қалыптастыру. <i>Саламатсыздар ма оқушылар! Біз сабағымызды бастаймыз. Ал енді барлығымыз өткен сабақты қайталап өтейік!</i> ..	Өткен сабақ білімін қайталау <i>«Flippity» әдісі арқылы оқушылар сұрақтарға жауап береді..</i> 1.Қандай қышқылдарды білесіңдер? 2. Сілтілер деніміз не? 3.Қышқылдар металдармен әрекеттескенде не түзіледі? 4. Бейтараптану реакциясы деп қандай реакцияны айтады? 5. Индикатор дегеніміз не? 6. Қандай ортада $\text{pH} > 7$ болады? 7. Сілтілердің лакмус, метилоранж, фенолфталеин индикаторларына әсері қандай? Оқушылар бір-бірін және мұғалім бағалауы.	Мақсаты: Оқушылардың тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. Тиімділігі: Оқушылар көңіл-күйін көтереді және сабаққа деген қызығушылығы артады.	https://flippity.net/rp.php?
Жаңа сабаққа кіріспе 10 мин	Жаңа білімді меңгерту.	Оқушылар Доберейнер, Ньюлендс пен Менделеев арасында олардың әрқайсысы ұсынған элементтерді жіктеу әдістерінің артықшылықтары туралы видео көрсетілімді көру арқылы тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.	Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және	Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген

			сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.	<u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.
Сабақтың ортасы 12 мин.	Химиялық элементтерді жіктеу кезінде қандай әдістерді қолдану керек?	6-7 оқушыдан тұратын топтарға карточкалар таңдатылады. Карточкаларда химиялық элементтің атауы және олар туралы ақпарат жазылған. Оқушыларды осы элементтерді белгілі принциптерге сәйкес жіктеуге ұсыну.	Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді.	Wordwall платформасы https://wordwall.net/ru/resource/85607419
Жұптық жұмыс 6 мин	Мүмкін болған жағдайда оқушылар өз жұмыстарын немесе сыныптастарының жұмыстарын белгілі критериялар бойынша бағалай алады.	«Химиялық лабиринт» ойынында химия лабораториясында жасырынған сұрақтарға жауап береді. Периодтық жүйе неліктен маңызды? Химиялық элементтерді жіктеу қажеттігі неліктен туындады? Периодтық жүйедегі элементтер қандай принцип бойынша орналастырылған? Неліктен металдар периодтық жүйенің сол жағында, ал бейметалдар оң жағында орналасқан?	Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жұппен көмек көрсетіледі.	https://joytek.com/100856707
Жеке жұмыс 5 мин	Өздерінді Берцелиус, Доберейнер, Ньюлендстің орнында елестетіп берілген элементтерді осы ғалымдардың теориялары бойынша жіктеңдер.	Жауаптарыңды сәйкес жауаппен дәлелдендер: <u>I нұсқа:</u> 1. Кальций қандай элементке жатады? 2. Периодтық кестеде қанша топ бар? 3. Бейметалдарға тән қасиет қандай? 4. Ньюлендстің жіктеуіндегі негізгі кемшілік қандай болды? 5. Доберейнер триадаларының негізгі ерекшелігі қандай? <u>II нұсқа:</u> 1. Қазіргі таңда қанша химиялық элемент белгілі? 2. Периодтық кестеде қанша период бар? 3. Металдарға тән қасиетті көрсетіңіз? 4. Дж. Ньюлендс ұсынған “Октава заңы” бойынша, әрбір сегізінші элементтің қасиеттері қандай болады? 5. Доберейнердің триада теориясының негізгі кемшілігі қандай?	Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.	Тест тапсырмасы
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин.	Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. «Бағдаршам» әдісі арқылы кері байланыс береді.	«Барлығы түсінікті», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	

Абай облысы, Аягөз ауданы
"№1 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Аманбаева Гульнар Оразовна



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА "ЛЕССОН СТАДИ" ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

"Лессон Стади" (Lesson Study) — бұл мұғалімдер мен оқушылардың оқу процесінде бірлесіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заманауи әдіс. Бұл әдіс мұғалімдерге өздерінің сабақтарын жақсарту және білім беру сапасын арттыру мақсатында бірлескен талқылаулар мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы мектептерде, әсіресе қазақ әдебиеті сабағында, бұл әдіс тиімді пайдаланылады.

Қазақ әдебиеті сабағында бұл әдіс пәннің терең мазмұнын меңгеру үшін өте тиімді. Мұғалімдер өзара жұмыс істеп, сабақтың оқу мақсаттарына жету жолдарын анықтайды. Мысалы:

1. Сабақты қызықты әрі өзекті ету:

- Қазақ әдебиеті сабақтарында шығармалардың тақырыбы, кейіпкерлері мен философиялық мәні терең болып келеді. Сондықтан мұғалімдер «Лессон Стади» әдісі арқылы сабақтарды оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың шығарманы түсіну деңгейін жоғарылатуға тырысады.

- Мысалы, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты немесе Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романына арналған сабақты жоспарлағанда, мұғалімдер шығарманың әлеуметтік және тарихи мәнін талқылауға назар аударады.

2. Оқушылардың белсенділігін арттыру:

- Сабақ кезінде оқушылардың өз ойларын еркін айтуына жағдай жасалады. Мысалы, қазақ поэзиясының тақырыптарына немесе шешендік сөздерге байланысты топтық жұмыстар мен пікірталастар ұйымдастыруға болады.

- Мұғалімдер сабақта қолданатын әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қазақ әдебиеті саласындағы түрлі мәселелерді қарастырады.

3. Білімнің тереңдігі мен шығармашылық қабілеттілікті арттыру:

- Сабақтарды талқылау барысында әр түрлі әдеби шығармаларды тереңірек түсіну үшін түрлі әдістер қолданылады. Бұл оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады.

- Мысалы, Құрманғазының күйлеріне немесе қазақ фольклорының тарихына қатысты сабақта балаларды шығармашылық жұмыстарға, шығарма жазуға ынталандыру үшін «Лессон Стади» әдісі өте тиімді.

4. Әдебиеттану және талдау дағдыларын дамыту:

- Оқушылар әдеби шығармаларды терең түсініп, оларды сыни тұрғыдан талдай білуге үйренеді. Сабақ кезінде қазақ әдебиетінің түрлі жанрларын талдау үшін түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

- Мысалы, қазақ әдебиетіндегі символизм, поэзиядағы метафора сияқты тақырыптарды талқылап, оқушылардың әдеби шығармаларды зерттеу дағдыларын қалыптастыруға болады.

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы
Антон Макаренко атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-сарапшы, педагогика ғылымдарының магистрі
Найзабаева Айман Алимбаевна

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКА

Қазақтың арғы-бергі тарихында білім беру ісіне өзінің үлесін қосқан талантты педагогтер көп. Саналы ғұмырын халықтың игілігіне жұмсап, ел мүддесін жеке басының қамынан жоғары қоя білген ұлтымыздың талантты перзенттерінің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Өнер мен ғылымға ұмтылған әрбір жас ұрпақ осы бір тау тұлғалы талант иесін, ең алдымен, педагогикалық қырынан танитыны анық. Заман көші жылжыған сайын жадымызда көмескі тартудың орнына бейнесі күндей жарқырай түскен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы есімі бүгінгі таңда белді ғылым саласына айналып, оның педагогикалық көзқарастары заманауи тұрғыда жаңаша сипат алып жүр. Ахметтану ғылымының аясында еңбек еткен ғалымдардың пікіріне сүйенсек, ахметтану – ғылымда әлі күнге дейін зерттелуі жалғасып келе жатқан күрделі сала. Бұл мақаламызда біз Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық қырына, педагогикалық идеяларының өміршендігі тоқталмақпыз.

Ахметті қазақ халқына алдымен танымал еткен оның ақындығы десек, ол сол өлеңінің өзінде-ақ:

Адамдық диқаншысы - қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ-құрға шықтым.

Тұқымын, адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың[1.25], - деп білімнен бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер-білімге, мәдениетке жетеледі. Өзінің өмір жолында ұстанатын ағартушылық идеяларының төлқұжаты саналатын осы шумақтағы «адамдық диқаншысы» деп отырғанымыз – Ахметтің өзі, дәлірек айтсақ, оның ұстаздық қыры. Адамдық тұқымын, білімнің нәрін адам жанына құю үшін ол бүкіл саналы ғұмырын сарп етіп, нәтижесінде бүгінгі күні білім саласының бағдарына айналған мол педагогикалық мұра қалдырып кетті.

Ыбырай Алтынсариннен бастау алатын ағартушылық идеялар мен педагогикалық көзқарастар Ахмет Байтұрсынұлы тұсында жанданып, жетіле түсті. Осы тұрғыдан қарағанда біз Ахмет Байтұрсынұлын ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің ізбасары десек қателеспейміз. Ыбырай Алтынсариннің Торғайдағы мектебінен өнеге, тәлім алған Ахмет ұлы ұстаздың өзіне тән кеменгерлігіне тәнті болып, оқу мен тәрбие ісі жөніндегі ағартушылық көзқарасын Ыбыраймен үндестірген. Мектеп жайында Ыбырай Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» - дей келсе, мұғалім жайындағы ойын: «Мұғалім – мектептің жүрегі. Мен жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен де қымбат бағалаймын» [2.16], – деген жолдармен түсіндіреді. Ұлы ұстаздың ізін жалғастырушы Ахмет Байтұрсынұлы осы ойға: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы»[2.16], - деп өз үндестігін қосқан. Демек, алыптар арасындағы бұл шығармашылық байланыс олардың ұлт мүддесі жолында ұқсас, ортақ көзқараста болғандығын айғақтап отыр.

Бүгінгі таңдағы білім беру мен тәрбиелеу саясаты Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған көштен бағыттан жоқ. Заманауи педагогика туралы сөз қозғағанымызда Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлы есімін қатар айтатынымыз да сондықтан.

Зерделей қарасақ, Ахмет Байтұрсынұлының педагогика саласында еңбегі зор. Оның ағартушылық бағыттағы педагогикалық ұстанымдарын зерттей келе, күні бүгінге дейін өзектілігін жоймай келе жатқан ұстаздың бірнеше ұстанымын анықтадық.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогика саласындағы басты қағидасы – балаға ана тілінде білім беру. Осы жөнінде Сәбит Мұқанов былай дейді: «Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған – Ахмет»[1.117]. Қазақша кітап жаза отырып, қазақ баласының өз ана тілінде білім алуына жағдай туғызу ол заманда жүзеге асуы өте қиын мәселе болса да, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің күрескерлік, қайраткерлік тұлғасымен бұл кедергіні жеңіп, қазақ баласына қазақша білім беруге талпынған. Ол туралы өзі де: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Оқытқанда, баланы ана тілінде – қазақ тілінде оқыту керек» [3.117], - деп мәселені айқындап қояды. Ахмет Байтұрсынұлының сол отарлық саясат кездің өзінде айтқан осы бір көреген көзқарасы бүгінгі таңдағы оқу процесінде өзінің өзектілігімен орын алып отыр. Күні

бүгінге дейін көптілділік саясатын бірінші сыныптан бастап қазақ балаларына өзге тілді оқытумен жүзеге асырып келген еліміздің білім саясаты биылғы жылы өзгеріске ұшырып, бала бірінші сыныпты өз тілінде ғана оқитын болды. Бұған «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген «1-сынып оқушылары тек қазақ тілінде әліппені оқып, жазып үйренеді»[4.12] деген нұсқауы дәлел болады. Бұл – кешегі Ахмет Байтұрсынұлы ұстанған педагогикалық сара жол, дара көзқарасқа құрылған білім реформасы.

Ахмет – өз заманының озық ойлы педагогі. Оның педагогикалық көзқарастарының шеңбері кең, ауқымы үлкен. Ол алдымен өз ана тілінде білім алуға тиісті қазақ балаларының өзге тілді білуіне де оң көзқарас білдіреді. Ұлы ұстаздың: «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек... Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша да білу керек»[3.16], - деп ой түюі оның ғылымға толеранттылықпен қарайтындығын білдіреді. Ана тілімізден бөлек заманның ағымына қарай орыс және ағылшын тілдерін меңгерудің маңызды екендігін алға тартатын бүгінгі педагогикалық көзқарас Ахмет Байтұрсынұлының осы пікірімен астасып жатыр. Өзінің бастауын Ахметтен алатын бұл педагогикалық идеяның нәтижесінде бүгінгі таңда қазақ жастары әлемнің ең таңдаулы елдерінде білімін жетілдіріп, өз Отанының, қазақ қоғамының дамуы үшін еңбек етіп жүр. Ғаламдағы түрлі жаңалықтардан хабардар, жан-жақты, көп тілді білетін, көптеген елдердің мәдениеті мен көзқарасына құрметпен қарайтын азаматтардың елімізде көбеюі осындай тамаша педагогикалық ұстанымдар негізінде қалыптасатын білім жүйесінің жетістігінен деп топшылаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогика саласына сіңірген елеулі еңбегі – қазақ әліпбиін жасауы. Оны қазақтың фонетикасына икемдеп, қазақ тілінде дыбысталмайтын таңбаларды алфавиттен шығаруы, қазақ тілінің үндестік заңына сай дәйекшелерді ойлап тауып, 24 таңбадан тұратын өзі жасаған «Қазақ жазуы», кейін халық «Байтұрсынов жазуы» деп атап кеткен әліпбиді жасауы қазақтың ұлттық графикасының негізін қалады. Бүгінгі таңда да бұл ұстаным өзінің өзектілігімен құнды болып отырғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ахметтің әліпби жасаудағы ұстанымдарына тілшілер жоғары баға беріп, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңаша нұсқасын жасау ісінде Ахмет Байтұрсынұлы ұстанымдарын басшылыққа алдық. Қазақ тілінің фонетикасына сай келмейтін таңбалардың қысқаруы, жазу принциптері осыны дәлелдейді.

Әрбір саналы педагог баланы оқытуды әліппеден бастайтыны белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ баласын оқыту ісінде осыған қатты көңіл бөлген. 1911-1912 жылдар аралығында жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаларынан жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылған. Ахмет әліппесінің басты құндылығы - әрбір әріпті мысалмен бекітіп отырғандығы. Оның бұл ісі бүгінгі «Әліппе» оқулығында да жалғасын тауып, өзінің оң нәтижесін беріп отырғаны баршамызға белгілі.

Мектепте баланы оқыту туралы Ахмет Байтұрсынұлы мынандай тұжырым жасайды: «Бұл үш әріпті балаға үйрету үшін әуелі бөлек-бөлек бір-бір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң А-дан бастап әрбіреуін балаларға бөлек-бөлек көрсету. Балалар әрбіреуін жаңылмайтындай болып білген соң, алиф баға қаратып оқу. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, әрбіреуін бөлек-бөлек тақтайға жазып көрсетсе болады [3.49]. Бұл тұжырым арқылы Ахмет мұғалімге қалай оқыту керектігін аңғартып отырған. Бүгінгі заманауи педагогикалық көзқарастар бойынша да «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтың өзекті екендігі және ол ұстанымның Ахмет Байтұрсынұлы заманынан жалғасып келе жатқан ұтымды үрдіс екендігін аңғарамыз. Балаға көрсете отырып түсіндірудің, көрнекі құралдардың маңыздылығы принциптері де бүгінгі күні дәл сол замандағыдай өзінің маңызын жоймаған.

Ағартушының заманауи педагогикамыздан қолдау тапқан тағы бір тамаша жетістігі – оның әдістемелік көзқарастары. Бұл орайда Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеге қатысты басты тұжырымдарына назар аударған жөн:

1. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі, екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды.
2. Шапшаң жаза білгенде, шапшаң оқи білгенде сауаты ашылды, сауатты адам болды дейміз. Сауаттау әдісі дегеніміз соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады.
3. Жалқылау әдіс жалпылау әдіске қарсы жөніндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтату[1.5].

Білім беруді өз тілінің заңдылықтарымен ұштастырып, әдісті де ұлттық ерекшеліктер негізіндегі құндылықтарға бағыттай отырып екшеп таңдауды, баланы сауаттандыру ісінде әдістер мен тәсілдерді

түрлендіруді, жалпылау мен жалқылау әдісінің басты белгілерін түсіндірген бұл тұжырымдар бүгінгі заманауи педагогикада жиі айтылып та, жазылып та жүр.

Ахмет Байтұрсынұлы сол кезеңдегі әлемге тарап жатқан оқыту әдістемелерін осылайша, саралап, талдай отырып, солардың ішінде қайсысы қазақ тілінде сауат ашуға қолайлы екенін анықтады.

Ғалым қазіргі айтылып жүрген оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттерінің негізі осы «Дыбысты әдіс» арқылы қалануы керектігін сол кезде-ақ саралаған[5.18]. Мәселен, ұлт ұстазы былай дейді: «Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу (айтылым). Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу (жазылым). Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді, себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді (оқылым). Дыбысты білмей, дыбыстың қалай тізілетінін білмей, оқу, жазу үйрену қиын (тыңдалым)[5.112].

Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіре отырып, бұл білім берудің ең жақсы жолы деген қорытынды шығарады және жаңаша оқыту тәсілінің басты қағидасы ретінде айтылым әрекетін бірінші орынға қойған.

Төкпе күйдің жанры мен құрылымы өте бай. Оның басты ерекшелігі – әрбір орындаушының күйді өзінше интерпретациялау мүмкіндігі. Бұл жанрда күйдің негізгі идеясы мен мазмұны өзгермей, тек орындаушының жеке стилі мен эмоционалдық күйі қосылады. Домбырамен орындалған төкпе күйдің әрбір орындаушысы шығарманы өз түсінігі мен көңіл күйіне байланысты, өзінің жеке аспапта ойнау шеберлігімен көрсетеді. Осы себептен, төкпе күйдің орындаушылық ерекшеліктері өте маңызды және ол қазақ музыкалық мәдениетінде ерекше орын алады.

Төкпе күйдің шығу тарихы мен оның дамуы туралы айтатын болсақ, бұл жанр қазақ халқының дәстүрлі музыкасының негізі болып табылады. Төкпе күйдің тарихы бірнеше ғасырды қамтиды және әрбір тарихи кезеңде оның мазмұны мен орындаушылық ерекшеліктері өзгерген. Төкпе күйдің алғашқы қалыптасу кезеңі, негізінен, қазақтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін және олардың эмоциялық күйін білдіретін шығармалардан басталады. Қазақ халқының ұлттық өмірі мен әдет-ғұрыптары төкпе күйдің музыкалық құрылымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Күйдің мазмұны көбінесе адамның ішкі сезімін, жан дүниесін, табиғатпен байланысты сезімдер мен ойларды білдіру үшін қолданылды.

Домбыра пәні мұғалімдері үшін төкпе күйдің техникасын үйрету өте маңызды. Төкпе күйде қолданылатын техникалық тәсілдер өте күрделі және бұл домбыраның әртүрлі дыбыстық мүмкіндіктерін, дыбыс шығарудың арнайы әдістерін қолдануды талап етеді. Мұндай тәсілдерге қосымша дыбыстар шығару, саусақтардың тез әрі икемді қозғалысын қажет ететін орындаушылық әдістер жатады. Төкпе күйдің орындауында домбырашының шеберлігі мен музыкалық интуициясы өте маңызды рөл атқарады. Бұл орындаушының жан дүниесінің күйін, сезімін аспап арқылы жеткізу қабілетімен байланысты.

Төкпе күйдің орындаушылық мәдениетінде үлкен маңызға ие болатын тағы бір аспект - ол оның тыңдаушыға әсері. Төкпе күйдің әрбір орындаушысы өз шығармашылығында тыңдаушының көңіл-күйін, сезімін және эмоциясын қозғата алуы керек. Күйдің нақтылы орындаушылық мәнері мен техникасы тыңдаушының күйді қалай қабылдайтынына тікелей әсер етеді. Мысалы, күйдің тыныс алуында орындалған әрбір штрих, әрбір дыбыс, домбыраның ішкі нәзік дыбыстары – бұның барлығы тыңдаушының түйсігі мен сезіміне әсер етуі керек. Төкпе күйдің ерекше сипаттамасы – оның орындаушының рухани әлемімен, сезімдерімен және қиялымен тығыз байланыста болуы.

Домбыра пәні мұғалімдеріне арналған практикалық кеңестер де өте маңызды. Оқыту процесінде төкпе күйдің техникасын және шығармашылық тәсілдерін тиімді меңгеру үшін домбырашының жеке қабілеттерін дамытуға арналған көптеген әдістемелер бар. Біріншіден, әрбір баланың немесе студенттің домбырамен ойнау техникасы мен қимылдарын жақсарту үшін міндетті түрде арнайы жаттығулар қажет. Бұл жаттығулар орындаушылық шеберлікті арттыруға және аспаппен жұмыс жасауды жеңілдетуге көмектеседі. Сонымен қатар домбыра пәні мұғалімі әрбір студентке жеке тәсіл қолдану қажет, өйткені әрбір орындаушының стилі мен музыкалық түсінігі әртүрлі болады.

Төкпе күйді орындау үшін тек техникалық білім ғана емес, музыкалық сезімталдық пен интуиция да қажет. Төкпе күйдің әрбір бөлімі жеке орындаушының мінезі мен эмоциясына, музыкалық талғамына сәйкес болуы тиіс. Тәрбиеші ретінде мұғалім домбырашының өз ойынан шыққан шығарманы терең түсініп, оны орындау барысында өз сезімдерін аспап арқылы жеткізе білуі керек. Домбыраның әрбір пернесі мен сазды дыбысы оның ішкі әлемін бейнелейді, ал бұл өз кезегінде, тыңдаушыға ерекше әсер қалдырады.

Төкпе күйдің белгілі орындаушылары мен олардың орындаушылық тәжірибелері қазақтың музыкалық мәдениетінде ерекше орын алады. Домбыраның құрылымы мен оның дыбыстық мүмкіндіктерін терең меңгерген орындаушылар өз шығармашылығында осы аспапты жаңаша қырынан таныта білген. Төкпе күй орындаушыларының арасында XX ғасырдың екінші жартысында және қазіргі уақытта танымал болған көптеген тұлғалар бар. Әсіресе, Құрманғазы, Тәттімбет, Динаның шығармалары мен олардың орындаушылық стилі қазақ күй өнерінің алтын қорына енген. Аталған орындаушылар өз кезеңінде күйді орындаудағы жаңашылдық пен тереңдікке жеткен. Олардың орындауындағы әр күй тек музыкалық туынды емес, сол дәуірдің қоғамдық, мәдени өмірінің көрінісі болып табылады.

Құрманғазы Сағырбайұлы – қазақ халқының күй өнерінде ерекше орын алатын тұлға. Оның шығармалары мен орындаушылық стилі қазақ күйінің дамуына зор ықпал етті. Құрманғазының күйлері терең философиялық мазмұнға ие, оларда өмір мен өлім, қуаныш пен қайғы, махаббат пен бақ-дәулет сияқты адам болмысының түрлі аспектілері бейнеленеді. Құрманғазы күйлерінің орындаушылығының басты ерекшелігі – музыкалық шығарманың эмоционалдық тереңдігі мен орындаушының оған енгізетін шығармашылық элементтері. Ол күйлерін орындаған кезде тек домбыраның қана емес, өзінің жан дүниесінің тілін де пайдаланып, тыңдаушыны терең ойларға жетелейді.

Тәттімбет Қазанғапұлы да қазақ күй өнерінің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Оның күйлері музыкалық құрылымы жағынан күрделі әрі терең мазмұнды. Тәттімбет күй орындаушылығының ерекшелігі – ол күйдің құрылымында көркемдік үйлесімділік пен әртүрлі музыкалық формаларды, ырғақтық өзгерістерді орынды қолдануда. Ол күйдің орындалуына жаңа тәсілдер енгізіп, домбыраның мүмкіндіктерін кеңейтті. Сонымен қатар Тәттімбет күй орындаушысы ретінде өз өнерінде импровизацияның маңыздылығын атап өткен.

Күй орындаушыларынан тағы бір айта кететін тұлға – Дина Нұрпейісова. Оның орындаушылық стилі өз заманындағы күй өнеріне үлкен өзгерістер әкелді. Дина күй орындау шеберлігімен қатар, сол кезде оркестрлік сүйемелдеуді енгізу арқылы күйді тыңдаушыға толық жеткізу жолдарын жаңаша ашты. Ол домбыра мен қобызды біріктіріп, күйдің оркестрлік орындаушылық стильдерін дамытты. Динаның өнері қазақтың күй өнерінде әйел орындаушыларының маңызды рөл атқара бастағанын көрсетеді.

Қазіргі таңда төкпе күйдің орындаушылық дәстүрі жалғасып келеді, ал оған әр кезеңнің музыкалық мәдениеті мен техникалық мүмкіндіктері әсерін тигізуде. Қазіргі күй орындаушылары домбыраның дыбыстық мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеп, оны жаңа формада ұсынуға тырысады. Қазіргі заманғы орындаушылардың репертуары дәстүрлі күйлермен қатар, өз туындыларымен де ерекшеленеді. Мысалы, «Қорқыттың күйі» немесе «Желдірме» сияқты шығармалар қазірдің өзінде жаңа көзқарас пен тыңдаушыға жаңа әсер қалдыратын күйлер ретінде орындалады. Бұл күйлердің орындаушылары өз шығармашылығында тек дәстүрлі элементтерді сақтап қана қоймай, сонымен бірге жаңа музыкалық құралдарды енгізуге тырысады.

Төкпе күйдің қазіргі орындаушыларының арасында қазақ музыкасына жаңа стильдер мен жанрларды енгізген жас орындаушылар да бар. Олардың шығармашылығында төкпе күйдің әуендерін классикалық және заманауи музыкамен үйлестіру, жаңа дыбыстар мен формаларды іздеу бағыттары көрініс табады. Сонымен қатар күй орындаушылығының білім беру және насихаттау бағыттары да маңызды. Әсіресе, домбыра үйірмелері мен музыкалық білім беру мекемелерінде күй орындаушылығы бойынша арнайы оқу бағдарламалары енгізілуде. Бұл бағыттар күй орындаушыларының шығармашылығын кеңейтіп, жаңа буын орындаушыларды дайындауға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта төкпе күйдің ұлттық музыка мәдениетінің негізі ретінде дамуы маңызды болып табылады. Әсіресе, осы жанрды орындаудың техникалық ерекшеліктері мен құрылымын дұрыс үйрету – қазақ халқының музыкалық өнерін сақтаудың және оны жас ұрпаққа жеткізудің бірден-бір жолы. Домбыра пәні мұғалімдері осы жанрды оқытуды жалғастыра отырып, ұлттық мәдениеттің терең тамырларын ашып, оның рухани құндылықтарын жас ұрпаққа табыстайды.

Қорытындылай келе, төкпе күй – қазақ музыкасының бай дәстүрін білдіретін және оның мәдени мұрасын сақтайтын маңызды жанр. Домбыра пәні мұғалімдері үшін бұл жанрды оқыту және орындау – жауапты әрі шығармашылық жұмыс болып табылады. Төкпе күй тек музыкалық аспап ретінде ғана емес, сондай-ақ қазақтың рухани әлемін, мәдениетін, эмоциялық күйін бейнелеу құралы ретінде де маңызды орын алады. Төкпе күйді үйрету арқылы домбыра пәні мұғалімі жас ұрпаққа тек орындаушылық дағдыны ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті, өнерді құрметтеуді де үйретеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сейдімбек, А. "Қазақтың күй өнері". – Алматы: Санат, 2002.
2. Жұбанов, А. "Ғасырлар пернесі". – Алматы: Өнер, 1999.
3. Қоспақов, Б. "Қазақтың дәстүрлі күй өнері". – Алматы: Дайк-Пресс, 2003.
4. Өтеғалиева, Ш. "Қазақтың аспаптық музыкасы". – Алматы: Білім, 2010.
5. Сарыбаев, Б. "Қазақтың музыкалық аспаптары". – Алматы: Өнер, 1981.
6. Төлебаев, Б. "Қазақтың күй өнері: дәстүр және даму". – Алматы: Ғылым, 2001.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы
«Мухаммадий атындағы орта мектеп» КММ
Мектеп директоры
Секлибаева Гулим Накысбековна



БАСШЫНЫҢ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Көшбасшылық қасиеттерді дамыту ХХІ ғасырдың қажетті құзыреттерінің біріне айналууда. Қазіргі мектептің даму тенденцияларының бірі - жеке тұлғаға бағытталған мектепті басқарудың дәстүрлі функционалды моделі. Мектептегі өзгерістердің сәттілігі көбінесе оның жетекшісінің ұстанымына, оның құзыреттілігіне, жеке және іскерлік қасиеттеріне байланысты. Бұл мағынада қызығушылық "көшбасшы" ұғымын түсіндіру және ағылшын педагогтары тұрғысынан "көшбасшылық" "мектеп директоры" ұғымының ажырамас бөлігі.

Көшбасшылық мәселесі нақты әлеуметтік-тарихи жағдайларда субъектінің өзінің өмірлік іс-әрекетін жасау процесі мен нәтижесі ретінде қарастырылатын тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мәселесін шешумен тығыз байланысты болды (Е.И. Головаха), А.А.Кроник, Л.Г.Брылева, В.П.Лаврентьев, Г.Е.Минкер және т.б.).

Қазіргі заманғы акмеологиялық зерттеулер (А.А.Бодалев, А.А.Деркач, Е.А.Климов, Н.В. Кузьмина, С.Е. Шишов және т.б.) жеке тұлғаның және кәсіби тұлғаның көшбасшылық мәртебесін анықтайтын шеберлік пен шығармашылық өте қызықты.

Р.Лайкерт көшбасшылық салыстырмалы процесс, ал басшы бағыныштылардың күтулерін, құндылықтарын, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын ескеруі керек деп есептеді. Басшы бағыныштыларға ұйымдық процесс олардың пайдасына бағытталғанын түсіндіруі керек, өйткені бұл оларға жауапты және белсенді шешім қабылдауға еркіндік береді.

В.Е.Хокинг көшбасшылық топтың өзі ұсынған бағдарламаны орындағысы келген кезде ғана көшбасшыға берілетін топтың функциясы деп ұсынды.

Бәрімізге танымал сөз "Жақсы көшбасшылар туылмайды, олар айналады", бірақ бұл шынымен де жақсы көшбасшы болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек! Ұжымдағы көшбасшы орнын алуға үміткерлердің әрқайсысы бірнеше көшбасшылық қасиеттерге ие болуы керек. Бұл көшбасшылық қасиеттер және көшбасшының рөлін анықтайды, кейбіреулер өздерін қызықтыруға және басқаруға дайын екенін түсіндіреді, ал басқалары көшбасшы болып қабылданбайды және беделге ие бола алмайды.

Лидердің қасиеттері – бұл көшбасшылық міндеттер мен функциялардың сәтті орындалуын қамтамасыз ете алатын топпен қарым-қатынас жасау үшін психологиялық қасиеттердің, дағдылардың және қабілеттердің жиынтығы. Көшбасшыны сипаттайтын бір немесе екі қасиетті анықтау мүмкін емес. Олар әлдеқайда көп. Екінші жағынан, сіз ұзақ уақыт бойы қасиеттерді тізіп, оларды көшбасшылық ретінде түсіндіре аласыз. - Өзіңізді, сезімдеріңізді және эмоцияларыңызды білу

Өзіңізді білу, өзіңізде не болып жатқанын сезіну, эмоцияларыңыз бен сезімдеріңізді, түйсігіңізді тыңдай білу, өзіңіз қалаған нәрсені нақты және көрсету – көшбасшының ажырамас қасиеті. Нағыз көшбасшыны жоспарланған жолдан адастыру қиын, өйткені ол не қалайтынын нақты біледі. - Тәуекелге дайындық

Бұл көптеген заманауи көшбасшыларға тән көшбасшылық қасиеттердің бірі. Мысалы, Ричард Брэнсон, негізін қалаушы корпорациясының Virgin, оның басқаруымен бүгінде 300-ден астам әр түрлі

фирмалар бүкіл әлем бойынша бейнесі болып табылатын көшбасшысы адам әрқашан тәуекелге баруға дайын. Джон Кеннеди айтқандай: "кез-келген іс-қимыл жоспары шығындар мен тәуекелдерге тән, бірақ олар алыс шығындар мен ыңғайлы әрекетсіздіктен туындаған тәуекелдерге қарағанда әлдеқайда аз".

- Сенімділік

Көшбасшының өзін-өзі бағалауының жоғары және барабар деңгейі өзіне деген сенімділікпен бірге оған қажет жағдайларда тәуекелге баруға, сыни жағдайларда батылдық пен батылдықты арттыруға көмектеседі. Өзіне деген сенімділік көшбасшыға өзінің мүмкіндіктерін кеңейтуге және жаңа өмірлік тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Бұл теорияны 1981 жылы Б.Басс негіздеді, ол көшбасшылық қасиеттер саласындағы жетекші зерттеулерді талдап, өзіне деген сенімділік сезімі, көшбасшы ұстанымын ұстанатындарға қарағанда әлдеқайда жоғары екенін растады. - Сенімділік, ақпараттылық және дәйектілік

Көшбасшы – бұл адамдар бірлестігінің нормалары мен құндылықтарының тасымалдаушысы, сондықтан оның дүниетанымы, іс-әрекеті жалпыға бірдей адамгершілік нормаларымен-адалдық, әділеттілік, сенімділік, жауапкершілік және іс-әрекеттер мен әрекеттердегі жүйелілікпен келісілуі керек.

- Белсенді өмірлік ұстаным

Жағдайға барабар бағдарлау үшін көшбасшы белсенді өмірлік ұстанымға ие болуы керек. Бұл көшбасшыға әрқашан қиын жағдайда бәріне дайын болуға және ақпараттандыруға мүмкіндік беретін қажетті көшбасшылық қасиеті.

- Бастамашылдық және өзін-өзі ынталандыру мүмкіндігі

Белсенділік және белсенді адамдар басқа біреудің жұмыс істеуге деген ынтасын күтпейді. Олар өздерін әдеттегі жайлылық аймағынан кетуге сендіру үшін ғана жауапты екенін біледі және олар өзіндік мотивациялауда тұрақты тәжірибе. Теодор Рузвельт, 20 ғасырдың бастамашыл және ұлы адамдарының бірі, көптеген көшбасшылық қасиеттерге ие: "өмірбаянында керемет ештеңе жоқ, Мен өзімнің сенімім бойынша істегенімнен басқа... бірдеңе жасау қажеттілігі туралы біржақты пікір қалыптасқан кезде мен әрекет еттім".

- Команда құра білу

Адамдарды өзіне тарта білу (идеялар мен ойлар, идеалдар, адамды сендіру қабілеті) және ізбасарлар мен пікірлестер тобын құру – адамның көшбасшы ролінде қалыптасуының сәттілігін анықтайтын сапа. Ортақ мақсаттар мен құндылықтарды белгілеу және осы мақсаттарға ізбасарлардың адалдығын бақылау негізгі көшбасшылық қасиеттердің бірі болып табылады.

- Қойылған міндеттерді шешуге ұжымды ұйымдастыру қабілеті

Бұл көшбасшының іргелі ұйымдастырушылық қасиеттерінің бірі. Ол команда мүшелері арасында міндеттерді бөлу қабілетінен, топты міндеттер мен функцияларды орындауға ынталандыру және жұмысты үйлестіру қабілеттерінен тұрады. - Перспективаның көрінісі

Топты басқаратын адам қайда бару керектігін білуі керек. Байқау, өз тобының келешегін, болашағын, одан кейінгі ұжымды көру – көшбасшының маңызды ұйымдастырушылық қасиеттерінің бірі.

Жазушы Альфред Монтапер былай деп жазды: "көптеген адамдар өздерінің алдындағы кедергілерді көреді, тек бірнеше адам мақсаттарды көреді, тарих соңғысының жетістіктерін атап өтеді".

- Мінез-құлықтың икемділігі және жағдайға сезімталдық

Көшбасшылар көбінесе күрделі процестердің қатысушылары болып табылады, олар "аренада" орналасқан, онда көптеген күштер әрекет етеді, олар кейде оның білімі мен бақылауынан тыс болады. Сондықтан, ұйымдастырушы көшбасшы жағдайды сезінуі керек, оған тез бағыт беріп, жалғыз дұрыс шешім қабылдай білуі керек.

- Қиын уақытта қолдау көрсетуге дайын болу

Көшбасшының өзінің пікірлес адамы мен ізбасарына қолдау көрсетуге құлықсыздығы, егер ол өте қажет болса және оны қамтамасыз ете алмаса, көп жағдайда оны ізбасарлары мен көшбасшы мәртебесінен айырады.

Адамдар өздерінің мүдделерін ешқашан ұмытпайтын көшбасшыны құрметтейді. Егер сіз өзіңіздің ізбасарларыңызға олардан не ала алатындығыңызға емес, не бере алатындығыңызға назар аударатын болсаңыз, олар сізді құрметтейді және жақсы көреді, бұл сіздің қарым-қатынасыңызды ұзақ және берік етеді. - Коммуникабельділік

Көшбасшының маңызды қасиеті – бұл әдептілік, адамдармен тез қарым-қатынас жасау және ұжымда өзін сенімді сезіну. Қарым-қатынас кезінде ұялшақтықты сезінетін адамның көшбасшысын елестету қиын.

- Әділдік

Көшбасшы ұжымдағы қарым-қатынасты үйлестіреді, сондықтан басқа адамдардың әрекеттерін бағалауда әділ, объективті болу керек.

Ұжымның мүдделерін білдіру және қорғау қабілеті

Көшбасшы ортақ мүдделерді білдіреді, сондықтан оларды сыртқы органдарда қорғау және корпоративтік қызмет үшін барлық жауапкершілікті алу қабілеті көшбасшының маңызды сапасы болып табылады.

- Өз ізбасарларының өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау мүмкіндігі. Бұл көшбасшылық қасиет ізбасарлардың Көшбасшыға деген сенімін және оны ұстануға дайын болуының негізі болып табылады. Аталған қасиеттердің барлығы да мектеп басшыларына тән қасиеттер.

XX ғасырдың II жартысындағы зерттеулер "көшбасшылар" мен "нелидерлердің" физикалық және психологиялық сипаттамаларын салыстыруға арналған. "Көшбасшы" ұғымын анықтауға алғашқы әрекет 1970 жылдардың аяғында "жақсы, тиімді" ұғымының дамуына байланысты болды.

Сонымен, қатар зерттеушілер "жақсы мектепті" келесідей сипаттайды: "жақсы мектептің нақты білім беру мақсаттары бар, оқушы білім алуды қалайды деп санайды және оқи алады. Ол үнемі жақсартуды іздейді, ол табысқа жетуді күтеді. Жақсы

мектепте-жақсы директор, ол негізінен көшбасшы, оқуға деген қызығушылығы бар. Көшбасшы-директорреформатор оқушылар мен ата-аналардың қарым-қатынасын өзгерту бойынша мұғалімдердің қызметін басқаруда үлкен рөл атқарады.

- Өз қызметінің келешегін болжай алады.

Директордың көшбасшы ретіндегі кәсіби міндеттерінің құрамдас бөлігі, мектептің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыра білу, олар бойынша қадамдар жасау және орындау;

- Педагогикалық ұжым мүшелері үшін мектептің даму перспективаларын анықтау.

Директор бүкіл ұжымның жұмысын ұйымдастырады әр мұғалімнің жұмысы ұзақ мерзімді мақсатқа жетуді көздейді.

- Ұжымның дамуындағы көшбасшының мәдени-білім беру рөлі. Мәдени білім беру көшбасшылығы адамның болмысын түсіндіреді, кәсіби еркіндік тұжырымдамасын қабылдауына сәйкес белгіленген нормалар мен құндылықтар, бұл өз кезегінде оң моральдық тәртіпті қамтамасыз етеді.

- Сәйкес корпоративтік шешімдер қабылдауды ұйымдастыру.

Ұлттық және жергілікті білім беру ұйымдарының талаптарына сай директор басқаратын мектептің педагогикалық қызметкерлері ұйымның белгілі бір деңгейі үшін жеткілікті күш пен жауапкершілікке ие оқуәдістемелік және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

- Мектепті басқарудың әртүрлі түрлерін біріктіре білу: техникалық, гуманистік, білім беру және мәдени білім беру.

Басқарудың техникалық стилі дегеніміз – команданың жұмысын жоспарлауы, ұйымдастыруы, үйлестіру және бағдарламалауы, ұлттық стандартпен келісілген аттестаттауға қатысу, басқа да салалары бойынша мұғалімдердің біліктілігін одан әрі арттыру. Гуманистік стиль мыналарды қамтиды: топ мүшелерінің жоғары моральдық деңгейін құру және қолдау, мұғалімдердің шығармашылық өсуін ынталандыру, педагогикалық ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру, өз ұжымының, өз қызметкерлерінің, оқушылардың мүдделерін қорғау.

Қорыта келе, мектеп директоры педагогикалық ұжымның барлық білім беру және тәрбие қызметінің катализаторы болып табылады. Мектеп директорының көшбасшылық функциясын тәуелсіз басқару үнемі жаңарып отыратын мектеп басшысының қызметті алгоритмі ретінде. Көшбасшылық функцияның негізгі компоненттерін көшбасшының жеке қасиеттері, ол басқаратын ұжымның жетілу деңгейі, қоршаған қоғамның жағдайы, басқарушылықтағы мектеп директорының құзыреттілігі мен мәдениеті қамтиды.

Түркістан облысы, Түркістан қаласы
Ә. Науаи атындағы №13 мектеп гимназия
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Абдукаримова Дилшода Токтасыновна



«СОЛНЦЕ РУССКОЙ ПОЭЗИИ»

Сценарий внеклассного мероприятия, посвящённого творчеству А.С.Пушкина.

Цель: пробудить интерес учащихся к чтению замечательных произведений русских поэтов, донести до учеников красоту звучания и смысл каждого русского слова; обобщить знания обучающихся о жизни и творчестве А.С. Пушкина; прививать любовь и интерес к чтению, к поэзии.

Наглядность: портрет А.С.Пушкина, высказывания о поэте, книжная выставка, альбомы, буклеты, рефераты, интерактивная доска, презентации, видеоролики;

Ход мероприятия

I. Ученица на фоне музыки читает стихотворение в прозе И. С. Тургенева

«Русский язык»

Во дни сомнений, во дни тягостных раздумий о судьбах моей родины, — ты один мне поддержка и опора, о великий, могучий, правдивый и свободный русский язык! Не будь тебя — как не впасть в отчаяние при виде всего, что совершается дома? Но нельзя верить, чтобы такой язык не был дан великому народу!

Чтец: Авезова Нилуфар.

1-Ведущая: Здравствуйте, дорогие ученики!

2- Ведущая: Здравствуйте, уважаемые учителя!

1- Ведущая: Не зря мы начали наш литературный вечер со стихотворения в прозе И. С. Тургенева «Русский язык». «Русский язык – один из богатейших языков в мире. В этом нет никакого сомнения». Сегодня наш литературный вечер мы посвящаем великому русскому писателю – основоположнику русского литературного языка **Александр Сергеевичу Пушкину**.

2- Ведущая: Александр Сергеевич Пушкин. Это имя знакомо каждому, кто любит поэзию, литературу, каждому культурному человеку планеты Земля. Именно он открывает период классической литературы, «золотой век» русской поэзии. И сколько бы ни прошло веков, Пушкин останется величиной номер один.

1-Ведущая: С самого детства входит в нашу жизнь весёлое и звучное имя – Пушкин. И в настоящей жизни сопровождает нас великий поэт как верный друг, воспитатель прекрасного в человеке. Александр Сергеевич Пушкин – солнце русской поэзии, великий русский поэт.

2-Ведущая: Да, ещё при жизни его называли «солнцем русской поэзии». Сегодня мы открываем самые прекрасные страницы Александра Сергеевича Пушкина.

1-Ведущая: Пушкин первый из русских поэтов заговорил простым народным языком. Этот язык в его стихах и сказках льётся свободно и звонко, как прозрачный родник.

Стихотворение А.С. Пушкина «Белая берёза». **Чтец:** Рашидов Ислам.

1-Ведущая: Поэт всегда восторгался богатством, выразительностью, меткостью русского языка, владел им блестяще и всё же не переставал изучать его всю жизнь.

2-Ведущая: Да, Пушкин наш – гениальный чародей земли русской. Великий русский поэт родился 6 июня 1799 года в Москве. Отец А. С. Пушкина, Сергей Львович, происходил из старинного дворянского рода. Предки Пушкина со стороны отца были уважаемыми людьми при Царском дворе. Мать Пушкина, Надежда Осиповна, была внучкой Ганнибала, Арапа Петра великого, ставшего впоследствии русским генералом. Родители поэта были не богатыми, но умными, образованными людьми, они очень любили литературу. Поэтому у них дома была большая, богатая библиотека. Маленький Саша часто засиживал там и читал книги.

1-Ведущая: Пушкин написал много прекрасных стихов о зиме. Ведь зима – это волшебница, это проказница, это матушка – так называл её Пушкин.

Поэт рисует внешне скромную, но милую его русскому сердцу, красоту и поэзию родной природы. Стихотворение А. С. Пушкина «Зимнее утро». **Чтец:** Абдурахманова Дильнура

2-Ведущая: Стихотворение А.С. Пушкина «Зимний вечер». **Чтец:** Загирханова Мубина.

1-Ведущая: Няня поэта, Арина Родионовна оказала большое влияние на будущего поэта. Она рассказала ему русские народные сказки, пословицы, спела народные песни. И будущий поэт полюбил её нежной, детской любовью и звал её мамой, мамушкой, а позже посвятил ей немало поэтических строк.

Сцена. А. С. Пушкин и няня Арина Родионовна. Стихотворение «Няне».

2-Ведущая: В семье родителей Пушкина было трое детей: старшая сестра Ольга, Александр, младший сын Лев. Когда Саше исполнилось 5 лет, бабушка, Мария Алексеевна стала учить его читать и писать по-русски.

1-Ведущая: Когда Александру исполнилось 12 лет, родители отправили его в Царскосельский лицей. *Видеоролик.*

2-Ведущая: Любое из человеческих чувств – печаль и радость, грусть и гнев, любовь и дружба Пушкин поднимал в своей поэзии до высочайших точек. Любовь вечная и всегда новая, благородная и нежная, возвышенная и необыкновенная в своём бесконечно естественном ощущении Пушкина.

Чтец: Абдулманнапова Мадина «Я вас любил...»

1-Ведущая: Другим лирическим шедевром явилось стихотворение «К Керн» («Я помню чудное мгновенье»), положенное на музыку М.И.Глинкой. Это стихотворение Пушкин посвятил А.П.Керн, которая очаровала поэта.

Чтец: Абдукаххарова Дилноза «К ***» «Я помню чудное мгновение...»



2-Ведущая: Помимо замечательных стихотворений А.С. Пушкин оставил нам замечательное произведение русской словесности - роман в стихах «Евгений Онегин». С особой нежностью описывает поэт в романе образы сестёр Ольги и Татьяны.

Чтец: Сайдивалиева Фарангиз. Портрет Ольги.

Чтец: Кахираманова Жасмина. Портрет Татьяны.

1-Ведущая : Знаменитый отрывок из романа «Евгений Онегин» - это трепетное письмо Онегина к Татьяне о своих искренних чувствах. Онегин не оценил Татьяну. Позже он всё поймёт, но будет уже поздно. **Чтец:** Письмо Онегина к Татьяне. Хабибуллаев Элбек.

1-Ведущая: За год до своей смерти, в 1836 году, как бы подводя итог своей поэтической деятельности, Пушкин написал стихотворение «Памятник». Сам поэт говорит о своем историческом бессмертии и предсказывает будущую широкую известность своей поэзии. Действительно, признание и любовь народа Пушкин заслужил своей борьбой за свободу, высокой человечностью своего творчества.

Чтец: Кабулжан Айша. «Памятник»

2-Ведущая: Вскоре, через несколько дней после смерти Пушкина М.Ю.Лермонтов написал стихотворение, посвященное великому гению. В нём Лермонтов выражает глубокую скорбь по поводу смерти А.С. Пушкина.

Чтец: Ауесханова Насиба. Стихотворение М.Ю. Лермонтова «Смерть поэта»

1-Ведущая: Предоставляем вашему видеоролик о жизни и творчестве А.С.Пушкина.

2-Ведущая: Завершая наш праздник мы ещё раз убедились, что поэзия Пушкина покоряет нас, прежде всего своей человечностью, гуманностью, стремлением отразить красоту человеческой души, в её лучших проявлениях так же - благородство, верность в дружбе, преклонение перед женской красотой, уважение к человеку.

Слово предоставляется заместителю директоры школы по воспитательной работе, учительнице русского языка и литературы Умиде Жорашевне. А также учительнице русского языка и литературы Надире Балташовне.

1-Ведущая: На этом наше мероприятие подошло к концу.

2-Ведущая: Имя Пушкина никогда не забудется: он всегда с нами, наш живой, любимый поэт – Солнце русской поэзии!



**Астана қаласы
№30 «Қайнар» балабақшасы
Қазақ тілі пәні педагогі
Тлеубаева Шынар Амангельдиновна**



БАЛАБАҚШАДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Бұл мақалада балабақшада қазақ тілін оқытудың маңызы мен ерекшеліктері қарастырылады. Тілдің ұлт мәдениетіндегі рөлі, балабақшадағы тіл үйретудің негізгі мақсаттары, әдіс-тәсілдері мен стратегиялық бағыттары талданады. Автор қазақ тілін үйретудің баланың жалпы дамуына әсері, оның сөздік қорын молайту, сөйлеу қабілетін жетілдіру, тілдік дағдыларды қалыптастырудағы маңызды аспектілерге назар аударады. Сонымен қатар балабақшада қазақ тілін оқытудағы әдістемелік құралдар мен тәсілдер туралы ойлар айтылып, оқытушының педагогикалық қызметіндегі қазақ тілінің алар орны туралы пікірлер ұсынылады.

Кілт сөздер: балабақша, қазақ тілі, тіл үйрету, сөздік қор, сөйлеу дағдысы, педагогикалық әдістеме, ұлттық тәрбие, тіл мәдениеті, коммуникативтік дағдылар.

Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті – жас ұрпақты білімді, мәдениетті және рухани тұрғыдан жетілген тұлға етіп тәрбиелеу. Бұл бағытта балабақшадағы білім беру маңызды рөл атқарады. Әсіресе, балалардың қазақ тілін үйренуі, олардың ұлттық санасын қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады. Қазақ тілі – еліміздің мемлекеттік тілі ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдениетінің, тарихының және руханиятының айнасы. Осы орайда балабақшада қазақ тілін оқытудың маңызы ерекше. Жас бүлдіршіннің дүниетанымын кеңейтіп, тілдік қорын байыту, ойлау қабілетін жетілдіру, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қазақ тілінің алар орны зор.

1. Балабақшада қазақ тілін оқытудың мақсаты мен міндеттері. Балабақшадағы қазақ тілі сабақтарының басты мақсаты – балалардың сөздік қорын байыту, тілдік дағдыларын дамыту және оларды мәдениетті, сауатты сөйлеуге үйрету. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру арқылы бала қазақ тілін жақсы меңгеріп, қазақша сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Осының нәтижесінде қазақ тіліне деген қызығушылық, құрмет, сүйіспеншілік пайда болады.

Балабақшада қазақ тілін үйретудің міндеттері көп қырлы әрі жан-жақты болып табылады. Олар:

- Сөздік қорды молайту – баланың айналасындағы дүниені дұрыс түсінуі мен сипаттауы үшін оның сөздік қорының кең болуы өте маңызды.
- Сөйлеу дағдысын дамыту – дұрыс және мәнерлі сөйлеу, сұрақ қою, жауап беру сияқты коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.
- Тілдік мәдениетті қалыптастыру – баланың қазақ тілінде әдепті, мәдениетті сөйлей білуі, сөздердің мағынасына, айтылу ерекшеліктеріне мән беру.
- Эстетикалық тәрбие беру – қазақ тіліндегі көркем сөздер мен әдеби шығармалар арқылы баланың сезім әлемін байыту, ұлттық дәстүрлерге деген құрметін арттыру.

2. Қазақ тілін балабақшада үйретудің әдіс-тәсілдері. Балабақшада қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер әртүрлі. Мұнда баланың жас ерекшеліктеріне, психологиялық даму деңгейіне сәйкес әдістер мен амалдар қолданылады. Олар:

- Ойын әдісі – балалардың қызығушылығы мен зейінін арттыратын әдіс. Ойын арқылы баланың тілі дамиды, жаңа сөздер мен сөйлемдер үйренеді, қателіктерін түзетуге дағдыланады.
- Көрнекі құралдар – суреттер, карточкалар, бейнемазмұндар арқылы балаларға жаңа сөздер мен ұғымдарды көрсету. Мұндай құралдар баланың сөздерді тез меңгеруіне көмектеседі.

- Өңгімелеу әдісі – балаларға ертегілер мен шағын әңгімелерді оқып, олардың мазмұнын сұрау арқылы тілін дамыту. Бұл әдіс баланың сөйлеу тілін еркін қалыптастырады, ойлау қабілетін жетілдіреді.
- Қайталау әдісі – жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамытуды көздейді. Бұл әдіс баланың дұрыс және дұрыс емес айтылуларын ажыратуға үйретеді.
- Рөлдік ойындар – балалардың сөйлеу қабілетін, ойлау дағдыларын жетілдіретін тиімді тәсіл. Мұндай ойындар барысында баланың қарым-қатынас жасау шеберлігі артып, өз ойын анық әрі түсінікті жеткізуге дағдыланады.

3. Қазақ тілін үйретуде ұлттық құндылықтар мен мәдениеттің ықпалы. Қазақ тілін балабақшада оқытудың ерекше маңызы бар тағы бір аспектісі – ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді үйрету. Қазақ тілінің қазынасы, оның сөз байлығы – ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің айнасы. Балабақшадағы қазақ тілін үйрету сабағында балаларға ұлттық дәстүрлер мен ұлттық тәрбие негіздері де үйретілуі керек. Мысалы, қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындар мен өлеңдер, мақал-мәтелдер арқылы балаларға қазақ тілінің сұлулығын сезіндіру қажет.

Бала тәрбиесінде ата-ананың да, ұстаздың да рөлі үлкен. Баланың ата-анасымен бірге қазақ тілінде әңгімелесіп, мақал-мәтелдер айтып, қазақтың ұлттық әндері мен жырларын тыңдап, ұлттық тағамдар туралы сөйлесіп, ұлттық киімдерді таныстыру арқылы баланың тілге деген қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен бірге балалардың қазақ тіліндегі ертегілер мен аңыздарды тыңдай отырып, елдің тарихымен танысуы, оның өз елін сүйуге, құрметтеуге тәрбиеленуі өте маңызды.

Балалардың шығармашылығы еліктеуге негізделген, ол баланың дамуының, атап айтқанда, оның көркемдік және шығармашылық қабілеттерінің маңызды факторы ретінде қызмет етеді. Мектепке дейінгі жаста баланың көркемдік-шығармашылық іс-әрекетінің негізі қаланады, ол оны жоспарлау және жүзеге асыру қабілетінің дамуында, білімі мен идеясын ұштастыра білуінде, сезімін шынайы жеткізуде көрінеді. Балаларды қазақ ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыруда даладағы қазақ ойындары, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен айтыстар (ақын-жыраулардың жыр мүшәйралары) қолданылады.

Демек, барлық фольклорлық жанрлардың ішінде ертегі – балалардың ең сүйікті жанры.

Ертегі терапиясы - бұл қиялдағы жағдайдың әрекеттері белсенділікке, дербестікке, шығармашылыққа, баланың өзінің эмоционалдық күйлерін реттеуге бағытталған нақты қарым-қатынаспен байланысты кешенді әрекет; бұл ертегідегі метафоралық ресурстарды пайдалана отырып, балалардың өзін-өзі тануына, өзін-өзі ұстауына, басқалармен ерекше сенімді, тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Ертегілер болмыстың қуанышпен қабылдануын, абыройын қорғай білген адал адамның тағдырын білдіреді. Ертегі балаларды қатыгездікке бағынбауға, қиындық туындағанда берілмеуге, қиыншылықтармен батыл күресуге, оларды жеңуге үйретеді. Жануарлар туралы ертегілердің антропоформизммен ерекшеленуі, яғни жануарларға адам сияқты ойлау, сөйлеу, әрекет ету қабілетін беру эмоционалды әсерді күшейтеді. Балаларды халықтың мәдениетімен таныстыратын, олардың ойын, сезімін, мұратын жеткізетін, өмір туралы ой-өрісін кеңейтіп, балалардың қуанышына бөлейтін - ертегі. Ертегінің жарқын, нақты тілі тыңдаушылардың сөздік қорын байытады. Жұмыс тәжірибесінде ертегілер балаға мұғалімнің мәнерлеп оқуы немесе әңгімелеуі, сонымен қатар тәрбиеленушілер қатысатын сахналық қойылымдар ұйымдастыру арқылы бейнеленген кейіпкерлерге эмоционалдық түрленуіне кең мүмкіндік алады.

4. Мұғалімнің рөлі мен кәсіби біліктілігі. Қазақ тілін үйретудегі ең басты тұлға – мұғалім. Мұғалімнің балаға деген жанашырлығы, тіл үйретудегі әдістемелік шеберлігі, педагогикалық дағдылары, баланың ішкі әлемін түсіне білуі – бәрі де тіл үйренуге әсер етеді. Мұғалім өз сабағында тек білім беріп қана қоймай, қазақ тілінің байлығын, оның тарихын, мәдениетін балаларға жеткізе алатын тұлға болуға тиіс. Мұғалімдер өздерінің кәсіби біліктіліктерін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Әр сабақта түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану, балалардың жастық ерекшеліктеріне сәйкес тіл үйретудің тиімді жолдарын іздестіру – мұғалімнің маңызды міндеті. Тілдің жасөспірімдер үшін тартымды әрі қызықты болуы үшін шығармашылық ізденіс пен педагогикалық шығармашылық қажет.

Қорытынды.

Қазақ тілін үйрету балабақшадағы тәрбие мен білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол балалардың ой-өрісін кеңейтеді, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады, сөйлеу дағдыларын жетілдіреді, өз елінің тілін қадірлеуге, құрметтеуге баулиды. Балабақшада қазақ тілін оқыту процесі баланың бойында тілді шынайы меңгерудің негіздерін қалыптастырып, оның мәдениетке, әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Бұл бағытта әрбір мұғалім өзінің еңбегін үздіксіз жетілдіріп, баланың тіл үйренуге деген құштарлығын оятуға тиіс. Қазақ тілін үйретудің нәтижесінде, келешек ұрпақ тілдің байлығын бойына сіңіріп, оны өмірде еркін әрі дұрыс қолдана білетін болады.

Шымкент қаласы
Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназия
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Бакирова Салима Машираповна



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕР

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беруді жаңғырту және жаңарту мәселелері өзекті болып отыр. Осыған байланысты оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігі туралы тақырып жиі қозғалуда.

Біздің оқушыларымыз - бұл еліміздің болашағы, ғылыми - техникалық прогреске қадам басуға, "үздіксіз білім алу" тұжырымдамасында іске асырылатын жоғары білім беру стандарттарына сәйкес келуге тиіс жаңа буын. Әлеуметтік-экономикалық модернизация жағдайында қазіргі оқушы болашақ мамандықтарын игеруге, бәсекеге қабілетті болуға, яғни басқалардан жақсы, сапалы, креативті, ерекше нәрсе жасай білуге, сондай-ақ тұлғалық қалыптасқан коммуникативті қасиеттерді (еркіндік, әдептілік, ізгілік, ұқыптылық, жауапкершілік) бойына сіңіруге қабілетті болуы керек. Функционалды сауатты адам алған білімдерін үнемі өзгеріп отыратын жағдайларда қолдана алып, сәтті бейімделіп, дами алу үшін бұл қасиеттерді мектепте оқу кезеңінде дамыту ұсынылады. Оқушыларға ақпаратты өз бетінше табуға, талдауға, құрылымдауға және өзін-өзі толық көрсетуге және қоғамға пайдалы болуға үйрету қажет.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөнінде білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары қабылданды. Аталған бағдарлама мен жоспар аясында PISA, TIMSS және PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің нәтижелерін жақсарту қажеттілігі туындады.

PISA оқушылардың мектепте алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларындағы, сондай-ақ әлеуметтік қатынастар мен тұлғааралық қарым-қатынастардағы өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін пайдалану қабілетін бағалайды. PISA тестілеуі аясында функционалды сауаттылықтың келесі салалары бағаланады: оқу сауаттылығы, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы.

2015 жылғы PISA нәтижелері бойынша сингапурлық білім алушылар қатысушылар арасында ең жоғары білікті оқырмандар болып шықты (3,6%), ал басқа елдердің ең жоғары деңгейінің пайызы 1,5% - дан аспады [1]. Бірақ TIMSS зерттеулері бойынша қазақстандық оқушылар жоғары нәтижелер көрсетуде. 39 елдің ішінде Қазақстан математика бойынша 7-орын, жаратылыстану ғылымдары бойынша 9-орын алды [2].

Жоғарыда айтылғандардан оқушылардың пәндік білімі жоғары деңгейде, ал оларды нақты өмірлік жағдайда қолдану қабілеті күрделі жетілдіруді қажет ететінін байқауға болады. Орта мектепте оқытудың негізгі бағыты оқу сауаттылығын қалыптастыруға және шығармашылық потенциалды дамытуға, ақпаратты түсіндіре білуге бағытталуы керек.

Оқу сауаттылығы оқушылардың өзін-өзі дамыту және өзін-өзі қалыптастыру үшін қажетті негізгі сипаттамалардың бірі болып табылады. Білім алушылардың оқу сауаттылығын бағалау құрылымы үш негізгі аспектіні қамтиды. Бұл оқылған нәрсені түсіну, жалпы контекстен белгілі бір ақпаратты табу, оны

қолдану, өз жауабын тұжырымдау және дәлелдеу мүмкіндігі. Білім берудің жаңартылған заманауи мазмұны оқудың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері - толыққанды оқу дағдысын игеруге, көркем образдар жасау үшін тілдің бейнелеу құралдарының мақсатын түсінуге, эмоционалды - бағалау әрекетін, функционалдық сауаттылық дағдыларын құрайтын тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған жалпы білім беру пәндері саналады. Пәндердің негізгі мақсаты - сөз өнері арқылы баланың жеке басының дамуына ықпал ету, өнермен қарым-қатынас жасау қажеттілігін тәрбиелеу, оқушыны көркем әдебиет әлеміне енгізу, оны адамзаттың рухани құндылықтарымен таныстыру, оқу іс-әрекеті процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру. Сабақтарды жоспарлау кезінде мәселелік, индивидуалды, пәнаралық, модульдік оқытуды, жеке тәжірибе негізінде оқытуды, шағын топтардағы жұмыс, кейс-стади (нақты жағдайларды талдау), рөлдік және іскерлік ойындар қолдану ұсынылады.

Сондай-ақ, Блум таксономиясына сәйкес көп деңгейлі сұрақтар, сонымен қатар 6 деңгейді құрайтын сұрақтар кешені қолданылады: 1. Білім деңгейі; 2. Түсіну деңгейі; 3. Қолдану деңгейі; 4. Талдау деңгейі; 5. Синтез деңгейі; 6. Бағалау деңгейі. Мұндай сұрақтар жүйесі мұғалімге ақыл-ой белсенділігінің деңгейін саралауды қолдана отырып, тиімді сұрақтар қоюға көмектеседі [3].

Оқыту үрдісінің жағартылған білім беру мазмұны негізінде оқушыларда оқу сауаттылығын дамыту үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар жасалуы қажет.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша орта мерзімді жоспарларда нақты стратегиялар мен оларды сипаттау арқылы оқытудың пәндік және пәнаралық мақсаттарын іске асыру бойынша нақты ұсынымдар бар. Мысалы, "рөлдік ойын" стратегиясы мен сахналау әдісін қолдану.

Қысқа мерзімді жоспарда негізгі критерийлер, стартер, сабақтың мақсатын қою, бағалау критерийлерін анықтау, белсенді оқыту нысандары, оқушылардың практикалық жұмысы, зерттеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар, тілдік дағдыларды дамыту (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу), тиімді сұрақтар, мәселелік жағдайларды шешу, ақпаратты талдауға және өңдеуге бағытталған тапсырмалар, АКТ пайдалану дағдыларын дамыту, ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану, қалыптастырушы бағалау тәсілдері, тиімді кері байланыс, өткен тақырыптарды еске түсіре отырып, жаңа тақырыппен байланысын саралау, физикалық минут, динамикалық үзіліс, сабақ қорытындысы, рефлексия өткізу ескерілуі тиіс.

- Сабақтың стартері ретінде (сабақ басталарда) "оқуға себеп құру" тәсілі қолданылады.
- "Сіз бұған сенесіз бе...?" тәсілі тақырып бойынша белгілі бір фактті атап, оған оқушының өз ойы бойынша дәлелдемелер көрсетуіне негізделеді.

- "Мәселелік сұрақ" тәсілі
- "Жұмбақ" тәсілі. Сабақтың тақырыбы жұмбақ немесе жұмбақ-сипаттама түрінде бейнеледі.
- "Миға шабуыл" тәсілі 3 кезеңді қамтиды:

1 кезең - идеялар кешенін құру, мәселенің мүмкін шешімдері қабылдау (барлығы қабылданады, жазылады, өзгеріссіз қалады және бағаланбайды, шамамен 10-15 минут);

2 кезең - идеялар мен ұсыныстарды ұжымдық талқылау;

3 кезең - ең перспективалы шешімдерді таңдау.

- "Кластер" тәсілі графикалық схема түрінде рәсімделеді, оның ортасында негізгі сөз, ұғым, фраза, оның серіктері ретінде осы тақырыпқа қатысты идеялар, ойлар, фактілер, суреттер қолданылады.

- "Ашық және жабық сұрақтар" қою тәсілі. Оқушылар жаңа білімді практикада қолдануға, оларды алынған ақпаратпен байланыстыруға, түрлі деңгейдегі сұрақтарды тұжырымдауға үйренеді, мәселеге жан жақты қарауға және әртүрлі көзқарастарды қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар әрекет ортасын құру үшін қосымша ресурстарды мұқият қарастыру қажет. Оқу әдебиетінен басқа, мәтіндер, таза парақтар, түрлі-түсті маркерлер, рефлексия парақтары, формативті бағалау формалары, жадынамалар, критерийлер түріндегі үлестірме материалдар тиімді. Өлеңдерді жаттау, аудиокітап үлгілерін тыңдау, мультипликациялық және көркем фильмдердің үзінділерін көру, музыкалық фондық сүйемелдеу бойынша оқу секілді қосымша әдістер оқуға деген қызығушылықты айтарлықтай арттырады.

Қорытындылай келе, мектеп жасында оқу іс-әрекетінің қалыптасуы қазіргі адамның функционалдық сауаттылығын дамытудың негізгі элементі болып табылады. Баланың мектеп

пәндеріндегі жетістігі ғана емес, сонымен қатар болашақта оның кәсіби қызметіндегі жетістігі де функционалды дағдыларға байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Основные результаты международного исследования PISA - 2015», 2017 год: Национальный отчет/С. Ирсалиев, А. Култуманова, Е. Сабырұлы, М.Аманғазы – Астана: АО «Информационно - аналитический центр», 2017 –241стр.
2. Опубликованы результаты международного исследования TIMSS – 2015. Информационно – аналитический центр, timss 2015.org. 29.11.2016. <http://iac.kz/ru/opublikovany-rezultaty-mezhdunarodnogo-issledovaniya-timss-2015>.
3. Типология вопросов по таксономии Блума. // flyceum.kz/mcab/014.doc

